


«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» МОНОПОЛИЯСЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛАДЫ

2-бет



ДАМУДЫҢ ЖАҢА САТЫСЫ

4-бет



ӘКІМДЕРДІҢ ЖАУАПСЫЗДЫҒЫНАН ХАЛЫҚ ЗАРДАП ШЕКПЕУІ ТИІС

5-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №14 (988) 11.04.2022 jyl




## ҚЫЗЫЛ ЖЕЙДЕЛІ, ҚЫЗЫЛ ШЫРАЙЛЫ

*ақын Төлеужан Ысмайылов ұмытылып бара жатқан жоқ па?*

8-9 бет

# КӨКТЕМГІ СУ БАСУ ҚАТЕРІНЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?



azattyq.org

3 бет

Биылғы тасқын судан ең көп зардап шеккен Ақтөбе аймағы.
Облыста жеті ауылмен қатынас үзіліп, жолдарды су шайып кеткен. Қандыағаш қаласына баратын көпірді де тасқын бұзып, облыс орталығына қатынау тоқтады. Ақтөбенің өзінде 100-ден аса үй су астында қалып, тұрғындар мектепті панапауға мәжбүр. Қаладағы Песчанка өзені арнасынан асып, жағасындағы қос көшедегі үйлерді су басты. Ылғалдан дүниемүліктері түгел бүлініп, техникалары істен шыққан. Өзен жағасындағы үйлерден бөлек, қаладағы бірнеше ықшамаудан мен саяжайлар суға кетті. Ондағы тұрғындар төрт мектептегі эвакуация орталығын паналап отыр. «Үйін су басқан ақтөбеліктерді қолдаусыз қалдырмаймыз», - дейді шаһар басшысы. Аудандардағы да жағдай мәз емес.

# ҚАЗАҚСТАН КОРОНАВИРУСТЫҢ ЖАҢА ТОЛҚЫНЫНАН ҚАЛАЙ САҚТАНАДЫ?



«БАҚ Қытайда ковидтің жаңа өршуі туралы хабарлады. Қазақстанның мұндай қауіпке дайындығы қандай?», – деп құзырлы мемлекеттік органдарға сұрақ қойған Азат Тұрлыбекұлы «Ақ жолдың» жақында жолданған депутаттық сауалына тоқталды. Аталмыш сауалда фракция дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды жеткізу үшін «СК-Фармация» мен өндірушілер арасындағы ұзақ мерзімді шарттарды ұзартуды талап еткен болатын.

5 бет



Әділбек ҚАБА:

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ ЫНТАЛЫЛАР КӨБЕЙДІ

6-7 бет

# СИЛЬНЫМ МИРА СЕГО НЕ ХВАТАЕТ ПРОСТРАНСТВЕННОГО ВООБРАЖЕНИЯ!



27 февраля президент РФ Путин приказал перевести ядерные силы России в особый режим дежурства. Когда один из двоих достает револьвер, то и другой может его достать. Кольт сделал людей равными. Правда, дело до этого не дошло. Президент США Байден отрицательно ответил на вопрос о том, стоит ли американцам опасаться ядерной войны. По его словам, США и Россия уже давно согласились с тем, что ядерная война будет иметь разрушительные последствия для всех.

10 бет

# «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» МОНОПОЛИЯСЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛАДЫ

**Мемлекет басшысы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусинді қабылдады.**



Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің былтырғы атқарған жұмыстарының қорытындылары, цифрландыру және ІТ саласының даму перспективалары, «цифрлық теңсіздікті» жою, интернетпен қамтамасыз етуге және оның сапасына қатысты бақылау шараларын күшейту жөніндегі тапсырмаларының орындалуы туралы да есеп берілді. Былтыр 628 елді мекенде Интернет сапасы жақсартылса, биыл тағы да 140 ауылда осындай жұмыстар жүргізілмек. Президентке мобильді операторлардың Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 5G технологиясының сынақтан сәтті өткізілгені туралы баяндады. Сонымен қатар «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының компаниялар тобын монополиядан арылту жұмыстары жүргізілетінін жеткізді. Бағдат Мусин Президентке Қазақстанды цифрландыру аясында энергетика, жер қойнауын пайдалану, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, жерді қашықтан зонттау спутниктерін пайдалана отырып, су және жер ресурстарын мониторингтеу саласындағы бірқатар стратегиялық жоба туралы баяндады. Президент отандық ІТ секторды қолдауға бағытталған нақты шаралар әзірлеуге және халықаралық нарықта жетістікке жеткен шетелдік ІТ компанияларға көмек көрсетуді тапсырды. Кездесу барысында министр «ҰАТ» акционерлік қоғамының ресурстары негізінде осындай жобаларды жүзеге асыруда тәжірибесі бар отандық ІТ компанияларының сарапшыларын тарта отырып, цифрландыру платформасын құруды ұсынды.

# САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ТОЛЫҚ АҚТАЛУЫ КЕРЕК

Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысын өткізді. Жиында зерттеуші ғалымдар жүргізген ғылыми ізденістердің нәтижелері, мемлекеттік комиссияны заңдық және терминологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Мемлекеттік хатшы комиссия шеңберінде архив материалдарын іздеу мен талдаудың тиімді жүйесі құрылғанын, тарихи және ғылыми құжаттардың көлемі қалыптасқанын атап өтті. Сонымен қатар, мемлекеттік комиссияның 2022 жылға арналған жұмысының басым бағыттары, атап айтқанда, жинақталған архив материалына ғылыми және заңдық баға беруді ұйымдастыру, терминологиялық базаны қалыптастыру, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бағытындағы заңнаманы жетілдіруге қатысты тұжырымдамалық құжаттардың жобаларын дайындау мәселелері қарастырылды. Отырыс қорытындысы бойынша Мемлекеттік хатшы Жобалық офисті трансформациялауға, жұмыс топтарын оңтайландыруға және комиссия қызметін жаңа міндеттерге бұруға қатысты бірқатар тапсырмалар берді.

# ЛАУАЗЫМДЫ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАДЫ

**Шымкентте Полиция департаментінің лауазымды қызметкері өзіне қол жұмсады. Баспасөз қызметінің жетекшісі Мөлдір Бекеева өмірден баз кешуіне генерал-майор Қайрат Дәлбеков пен бірқатар әріптестерін кінәлап хат жазған.**

«Мен сындым... Сабырым таусылды. Бүгін Шымкент қаласы Полиция департаментіндегі қызметімнен кеттім. Жәй кеткен жоқпын, үстімнен қылмыстық іс ашылған соң, кеттім! Себебі, Дәлбеков мырзаның алдына шындықты айтып бір емес, бірнеше рет барғанымда, ол мені тіпті тыңдағысы да келмеді. Ашылған қылмыстық істің өзі жүз пайыз сол кісінің қолымен жасалып отырғанына сенімдімін, мені жұмыстан өз еркіммен кетіру үшін жасап отырған кезекті іс-әрекеті ғой! Мен енді жұмыстан ғана емес, өмірден кеткенді де жөн көрдім...» дегенге саяды хаттың мәтіні.

Қоштасу хатын жазған Мөлдір Бекеева бір уыс дәрі ішіпті. Содан уланып аурухананың жансақтау бөліміне жеткізілген. Оның мұндай қадамға баруына өзіне қатысты қылмыстық істің қозғалуы себеп. Яғни наурыз айының соңында Мөлдір Бекееваның дауысына ұқсас біреу аузына келгенін айтып балағат сөздермен қоластындағы қызметкеріне жекіп жатқаны әлеуметтік желілерге тараған. Алайда мұны «басшылықтың қолдан жасаған қастандығы» депті баспасөз хатшысы. Полиция департаментіне жаңадан басшы болып келген генерал өз тамыр-таныстарын жинап жатыр деп жазыпты. Бұл туралы Қайрат Дәлбековтің өзінен түсінік алу мүмкін болмады. Есесіне кадр басқармасының бастығы өзін өлімге қиған Мөлдір Бекееваның жазбасы бойынша тергеу басталғанын жеткізді.



# АЛМА АҒАШТАРЫН ЗАҢСЫЗ ОТАҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

**Алматыдағы «Каменское плато» обсерваториясының жанында алма ағаштары заңсыз оталып, құрылыс басталғаны қала тұрғындарының ашуызасын тудырды.**

Оның видеосы әлеуметтік желіде тарап, мыңдаған адамдар қарсы пікірлерін білдірді. Бейнежазбадан арнайы техниканың ағаштарды құлатып, жүк көліктеріне тиеп жатқанын көруге болады. «Әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу барысында Медеу ауданы Обсерватория көшесі, 5а мекенжай бойынша алма бақтарын кесуге қатысты ақпарат анықталды. Алматы қаласы жасыл экономика басқармасының қызметкерлері Медеу аудандық полиция басқармасымен, сондай-ақ мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен бірлесіп, жедел түрде оқиға орнына барды. Тексеруге барған кезде 21 алма ағашының кесілгені расталды. Тексеру актісі жасалып, 500 АЕК шығын есептеліп, тиісті шаралар қабылдау үшін полиция департаментіне хат жолданды»,- дейді басқарма өкілдері. Қазіргі уақытта бұл мәселе бойынша қалалық полиция тексеру жұмыстарын бастады. Алма ағаштарын заңсыз кескені үшін қылмыстық іс қозғалды. «Медеу аудандық анықтау бөлімі ҚР ҚК 340-бабы бойынша «Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе бүлдіру» бойынша қылмыстық іс қозғады», – деп хабарлады ведомстводан.

# ЕЛІМІЗДІҢ ҮШ АЙМАҒЫНДА ӘКІМДЕР АУЫСТЫ

**Еліміздің үш бірдей облысында бірден үш әкім ауысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау, Жамбыл, Қызылорда облыстарының әкімдері лауазымында атқарған қызметі үшін Махамбет Досмұхамбетовке, Бердібек Сапарбаевқа, Гүлшара Әбдіқалықоваға ризашылығын білдірді.**

Президент Жарлығымен Жамбыл облысының басшысы Бердібек Сапарбаев қызметінен босатылып, оның орнына Нұржан Нұржігітов тағайындалды. Бердібек Сапарбаев бұған дейін бес облыста басшы болып, бірнеше министрліктің тізгінін ұстаған. Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіхалықованың орнын Нұрлыбек Нәлібаев алмастырды. 46 жастағы шенеунік бұған дейін Қызылорда қаласының әкімі, облыс әкімі аппаратының жетекшісі, аудан әкімі және Премьер министр кеңсесінің өңірлік даму бөлім меңгерушісі сынды лауазымды қызметте болған. Атырау облысын үш жыл басқарған Махамбет Досмұғамбетов те жылы орнымен қоштасты. Мұнайлы өлкені енді еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі болған 43 жастағы Серік Шәпкенов басқарады.

# ЖАҢА ОБЛЫСТАР БЮДЖЕТІ МЕН ШЕКАРАСЫ БЕКІТІЛЕДІ

**Жаңа облыстарды бөлуге қатысты шешім бір жарым айда қабылданады. Бұл туралы ҚР Әділет министрі Қанат Мусин мәлімдеді.**

«Қазіргі кезде облыстардың бюджеттерін бөлу мен шекараларды айқындау жұмыстары жүріп жатыр. Жақында ғана Шығыс Қазақстан облысының бөлінуінің мән-жайы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған болатын. Жаңа облыстар бойынша жұмыспен Үкіметтің экономикалық блогы айналысып жатыр. Менің ойымша, жақында 1-1,5 айда шешім қабылданады», - деді Қ. Мусин Сенатта тілшілер сауалына жауап бере отырып. Айта кетейік, Президенттің биылғы Жолдауында Семей аймағында Абай облысы құрылатыны айтылғаны белгілі. Осыған орай Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады. Жақында Шығыс Қазақстан мен Абай өңірлерінің қалай бөлінетіні Өскеменде өткен облыстық мәслихаттың кезектен тыс XIV сессиясында да айтылды.

# СОЛТҮСТІКТЕ ТӨРТ МЕКТЕПКЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ

**Солтүстік Қазақстан облысындағы үш орта мектепке және бір спорт мектебіне қазақ зиялылары – Әлихан Бөкейханұлының, Ахмет Байтұрсынұлының, Смағұл Сәдуақасовтың және Қажымұқан Мұңайтпасұлының есімдері берілді.**

ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес, енді Петропавлдағы №25 орта мектеп Әлихан Бөкейханұлының, №9 орта мектеп Ахмет Байтұрсынұлының, №2 орта мектеп Смағұл Сәдуақасовтың есімімен аталады. Ал ұлттық спорт түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне Қажымұқан Мұңайтпасұлының есімі берілді. «Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасады. Наурыз айында облыстық ономастикалық комиссиясында өңірдің белгілі тұлғаларының есімдерін беру бойынша ұсыныс қаралған. Ол бір ауыздан қолдау тапты. Қазіргі уақытта құжаттар республикалық ономастикалық комиссияға жолданды. Айтып өтсек, мәдениет және білім нысандарына - Жамбыл ауданындағы кітапханаға Сафуан Шәймерденовтың, Шал ақын ауданындағы Сергеевка орта мектебіне Кәкімбек Салықовтың, Қызылжар ауданы Новоникольск ауылындағы мектепке Геннадий Зенченконың есімін беру ұсынысы жолданды», - дейді СҚО Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Досбол Әбдірисов. Жалпы, өңірде идеологиялық тұрғыдан ескірген елді мекен, жер-су атаулары және олардың құрамдас бөліктерін тарихи атауларымен өзгерту жұмыстары жоспарлы түрде жалғасып келеді.

# ЖИРИНОВСКИЙДІ ЖАРНАМАЛАҒАН ҰСТАЗ СӨГІС АЛДЫ

**Қазақстанға қарсы агрессивті шабуылдарымен танымал ресейлік саясаткер Владимир Жириновскийдің портреті және ол басқаратын Ресей Либералдық-демократиялық партиясының (ЛДПР) жарнамасы бар «сыйлықтар» Таразда оқушыларға таратылды, деп хабарлады КазТаг тілшісі.**

«2022 жылдың наурыз айында Тараз қаласындағы №13 мектептің 6 сыныбының бірінің сынып жетекшісі мектеп әкімшілігінің келісімінсіз сынып оқушыларына ресейлік партиялардың бірінің логотипі бейнеленген сыйлықтар табыс еткен», – деп түсіндірді Жамбыл облысы әкімдігі осы орын алған жағдайға байланысты. Шенеуніктердің айтуынша, «Педагог мәртебесі туралы» заңға сәйкес мұғалімнің оқу-тәрбие процесін саяси науқанға пайдалануға құқығы жоқ. «Мұғаліммен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ облыстың өзге де ұстаздарымен ақпараттық-түсіндіру әңгімесі өткізілді. Педагог этикасын бұзғаны үшін мұғалімге сөгіс берілді. Сондай-ақ, оқу-тәрбие бөлімінің бас мұғалімі мен Тараз қаласындағы №13 орта мектептің директорына да сөгіс жарияланды», - деді облыс әкімдігі.

**Жер бетіндегі адамзат атаулы көктемнің келгеніне қуанса, біз керісінше су астында қаламыз ба деген қорқыныш-үреймен жүргенімізге талай жылдар болды. Елді мекендерді көктемгі еріген қар суы басып қалуы тұрақты науқанға айналды.**

**Табиғаттың бұл дүлейіне қарсы тұрады деген төтеншеліктердің де салы суға кетіп, тасқынның бетін қайтаруға үнемі дәрменсіз болып шығады. Бір кезде төтеншеліктердің төресі болған Владимир Божконың «Мен Құдай емеспін, мынадай тасқынға ешкім тосқауыл бола алмайды» дегені әлі есімізде. Одан кейін министр лауазымын иемденген Юрий Ильин де алдындағы әріптесінен асып кете қоймағанын байқап жүрміз. Жылына бюджеттен қыруар қаржы алатын бұл саланың жұмысы көңіл көншітпейді, нақты нәтиже жоқ.**

# КӨКТЕМГІ СУ БАСУ ҚАТЕРІНЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?



Биыл еліміз бойынша қыс онша қатты болған жоқ, қар да жылдағы мөлшерден аспады. Соған қарамастан күн жылысымен бірқатар аймақтарда елді мекендерді су басып, жұрттың үрейін ұшырды. Тасқын су Батыс Қазақстан облысының жұртын да әбігерге салды. Жергілікті билік пен төтеншеліктер ахуал бақылауда дегенімен, мұнда 140 үйді су басып, 150-ден аса мал қырылған. Шамамен 800 отбасы баспанасын тастап кетуге мәжбүр болған. Әсіресе Жақсыбай ауылындағы тұрғын үйлерді, ауланы, қора-қопсыны толық су басты. Тұрғындардың өмірін сақтап қалу үшін қауіпсіз жерге қайықпен көшірілді. Өңірдің оңтүстік бөлігіндегі Жәнібек, Шыңғырлы, Қаратөбе, Тасқала, Бөрілі,Теректі аудандарында төтенше жағдай жариялауға тура келді. Арнайы комиссия төтенше жағдай келтірген шығынды есептеп, содан кейін өтемақы беру мәселесі қаралады. Кейінгі деректерге қарағанда жалпы саны 168 бас мал қырылған. Бірақ оның шығынын қайтару да оңай емес. Өйткені өлген мал сақтандырылған болуға тиіс. Ең бастысы адам шығыны жоқ.

Биылғы тасқын судан ең көп зардап шеккен Ақтөбе аймағы.

Облыста жеті ауылмен қатынас үзіліп, жолдарды су шайып кеткен. Қандыағаш қаласына баратын көпірді де тасқын бұзып, облыс орталығына қатынау тоқтады. Ақтөбенің өзінде 100-ден аса үй су астында қалып, тұрғындар мектепті паналауға мәжбүр. Қаладағы Песчанка өзені арнасынан асып, жағасындағы қос көшедегі үйлерді су басты. Ылғалдан дүние-мүліктері түгел бүлініп, техникалары істен шыққан. Өзен жағасындағы үйлерден бөлек, қаладағы бірнеше ықшамаудан мен саяжайлар суға кетті. Ондағы тұрғындар төрт мектептегі эвакуация орталығын паналап отыр. «Үйін су басқан ақтөбеліктерді қолдаусыз қалдырмаймыз», - дейді шаһар басшысы. Аудандардағы да жағдай мәз емес. Жолын су шайған жеті ауыл аралда қалғандай күй кешіп отыр. Ол жақпен қатынас тасқынның беті қайтқан соң ғана ретке келтірілмекші.

Аймақтағы басшылар күннің күрт жылынып, тасқыннан қауіп боларын алдын ала білген. Бірақ неге қамданбаған? Осы іске жауапты облыс әкімінің орынбасары Жақсығали Иманқұлов бірнеше күннен бері су басқан ауылдарға мүлдем бармаған, тұрғындармен кездеспеген. «Су тасқынынан осылай үлкен қауіп болады деген болжам болды. Тұрғындармен әлі кездескен жоқпын. Бүгін бірінші күн. Оны да жоспарлап, осы ай, осы жеті, осы аптада баруға тиістімін» -дейді телеарналардың біріне берген сұхбатында аймақ басшысының орынбасары. Тасқынның алдын алуға облыс бюджетінен 250 миллион теңге қарастырылыпты. Қызыл судың кесерінен зардап шегіп отырған Байғанин мен Ойыл аудандарына бір тиын бөлінбепті.

Ойыл өзеніндегі су деңгейі көтерілгендіктен Екпетал ауылынан 205 адам 7 шақырым жердегі Ойыл ауылына көшірілген. Сондай-ақ, 236 ірі қара малы, 453 ұсақ мал қауіпсіз жерге шығарылды.

Қазір Ақтөбеде су басқан 100-ден аса үйді комиссия тексеріп жатыр. Әкімдіктегілер тасқыннан зардап шеккендерге ең алдымен құрылыс материалдарымен көмек беретінін айтады. «Аймақта төтенше жағдай жарияланбағандықтан, тұрғындардың басбасына ұстата қоятын ақша жоқ» - дейді әкімдіктегілер. Комиссия жалпы шығынды анықтап, бағалаушылардың қортындысынан соң ғана бюджеттің қосымша қорынан қаржы қарастырылмақшы.

Қарағанды облысында да жағдай мәз емес. Осы күнге дейін 124 аула мен үйлерге қызыл су кіріп үлгерген. Тас жолдардағы 18 учаскені тасқын шайып кеткен. Су қоймаларына келіп жатқан су деңгейі жылдағыдан аз. Әсіресе жиі қауіп төндіретін Самарқанд су қоймасынан төмен орналасқан елдімекендерге тасқын жүру қаупі байқалмайды. Мамандар даладағы қардың көлемі үрей туғызарлықтай емес, дегенмен қардың еріген суы сай-салаңы толтырып жатыр. Күннің күрт жылуынан оның көлемі күрт артса, қызыл су жүріп кетуі әбден мүмкін. Олардың жолында 158 елдімекен тұрғанын ескерсек бұл үлкен қауіп болмақшы. «Барлығы біз ойлағандай болмауы да мүмкін. Тасқынға қарсы дайындық пысықтаулы. Дегенмен далада көп көлемде жиналған қызыл су жерге сіңбей жүріп кетсе, жағдай басқаша болады. Өзендердің көпшілігінде су деңгейі көтеріліп тұр» - дейді Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Вадим Басин.

Айдаланы айтпағанда Қарағанды қаласының өзіне де қатер төнген сияқты. Жазықтан аққан тасқын көшелерді басып, тұрғын үйлерге де кіріп жатыр. Тасқын судан үш көпқабатты үйдің тұрғындарын эвакуациялауға тура келген. Оқушылар мектепке жете алмай қашықтан оқуға мәжбүр.

Қарағандының шетіндегі Молдавская көшесі маңынан өтетін Көкпекті өзені бөгетті бұзып, 10 шақты баспананы шайып кете жаздады. Қызыл су көтерген мұз кесектері алдымен қора-қопсыны ұрған. Мал жанымен тым-тырақай қашқан 10 шақты үй тұрғындары туыстарын паналапты. Бөгет сыр бере бастағанда-ақ құтқарушыларға хабарлаған. Тұрғындардың айтуынша құтқаруға келген төтеншеліктердің қолдарында не күрек, не айыр жоқ, тіпті қажетті материал да болмаған. Қонаққа келгендей болған төтеншеліктер құралды халықтан сұраған. Қайта әскерилер келіп көмектескен.

Қаладағы Бұқпа өзенінің бойына салынған көпқабатты жаңа үйлер тұрғындары да түнді қанағұй мен жақындарында өткізіпті. Жертөлеге су толған соң жоғарғы кернеулі электр сымдарынан өрт шығу қаупі пайда болғандықтан жарық сөндірілген. Әзірге бұл үйлердің жертөлесінен су сорылып, айналасына бөгет қаланып жатыр.

Енді биліктегілер өзеннің үстіне салынған үйдің заңға сәйкестігі мен тұруға жарамдылығын тексермек. «Негізі үш үй де қауіпті жерде тұр. Бұл 2012 жылға дейін су қорғау аймақтары деген болмаған. Соған дейін алған жерлер ғой. Сосын сатқан. Басқа кісілер алған да, басқаға сатқан. Сатып алған кісі осы жерге үй салған. Су кеткеннен кейін сараптама ұйымын шақырамыз. Жай-күйін қарасын, болмаса сүріледі. Сонымен қатар баспана салуға рұқсат берген және құрылысты қадағалағандар жауапқа алынады. Өйткені тексеру қорытындысы полицияға беріледі» – дейді Қарағанды қаласының әкімі Ермағанбет Бөлекбаев.

Бұл биылғы көктемде үш қана аймақта орын алған төтенше жағдай. Еліміздің өзге де аймақтарында мұндай қауіп-қатер жоқ емес. Жылдағы көретініміз осы.

Мәжілістің жалпы отырысында «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарындағы су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету үшін Үкімет резервінен қаражат бөлу қажеттігі жөнінде мәселе көтерді. «БҚО мен Ақтөбе облысында су тасқыны салдарынан адамдар жеке мүліктерін жоғалтып, үйлер мен әлеуметтік нысандар құлады, автожолдар шайылып кетті, бірқатар ауылдар қатынассыз қалды. Кейбір жағдайларда жергілікті органдардың кінәсі бар екені байқалады, бірақ адамдар үлкен шығынға ұшырауда. Үкімет резервінен зардап шеккен халыққа қажетті көмекті қарастыруларыңызды сұраймыз», - деді Азат Перуашев.

Халық қалаулысы дұрыс айтады, халыққа көмектесу қажет. Ол үшін өте қомақты қаражат керек. Бұл жылдар бойы қайталанып келе жатқан жағдай. Осы жылдарда шыққан шығынға қатердің алдын алатындай, су жүйелерін жөнге келтіретіндей мүмкіндік болмады ма? Шынын айтқанда біз қатердің себебімен емес, салдарымен ғана күресіп, мемлекет қаржысын босқа шашып жатырмыз.

Елімізде өзен де көп, өзен жағасын жайлаған елді мекендер де жетерлік. Сол ауылдардың көбісі ғасырлар бойы тұрса да су басып көрген емес. Оны тұрғызғандар жоғары білім түгіл, хат танымайтын атабабаларымыз. Хат танымаса да ауылды су баспайтын жерге орналастырған, жердің жағдайын жіті ескере білген. Қазіргі кезде біздің құрылыс, сәулет, жер басқармасы, әкімдік секілді мемлекеттік орындарда кілең жоғары білімді мамандар қызмет етеді. Сөйте тұра олар тұрғызған үйлерді су басып жатады. Бұл нені көрсетеді? Жауапкершіліктің, бақылаудың жоқтығын, жемқорлықтың жайлағанын көрсетеді. Әйтпесе су қорғау аумағына көпқабатты үй тұрғызуға рұқсатты неге береді? Қарағанды қаласының әкімі осыған қатысты адамдарды жауапқа тартамыз дейді. Дұрыс. Бірақ алдымен сол әкімдердің өздерін жауапқа тарту керек емес пе? Себебі қала аумағындағы барлық істерге алдымен солар жауапты. Сондықтан бұл мәселені дұрыстап қарап, оған қатысты заң қабылдап, жауапкершілікті барынша қатайту қажет. Өйткені бұл адамдардың өміріне қатер төндіреді және мемлекеттің қаржысын желге ұшырады. Сонда ғана көктемдегі су басу деген «созылмалы сырқаттан» сауығатын боламыз.

*• Дүбірлі дүние*

## РЕСЕЙГЕ ЖАҢА САНКЦИЯЛАР САЛЫНУЫ МҮМКІН

Украинаның Буча қаласында түсірілген жантүршігерлік кадрлар жария етілгеннен кейін Еуроодақ Ресейге қарсы санкциялардың жаңа пакетін әзірлеп жатыр. Еуроодақ Ресейден көмір импорттауға толығымен тыйым салуды да қарастыруда. Оған мұнай эмбаргосы да кіруі мүмкін.

Кремль бұл оқиғаға қатысын жоққа шығарды. Дегенмен еуропалық дипломатия басшысы Жозеп Боррель әзірге жаңа пакетке мұнай эмбаргосы кірмейді дейді. Еуроодақ өкілдері өзге шаралармен қатар Ресейден қара алтын импортына тыйым салу жағын да қарастыратынын айтты. Украина мен АҚШ өкілдері одақты ресейлік газ бен өзге энергия тасымалдаушылардан бас тартуға шақырып отыр. Алайда сарапшылар бұл жағдайда әлемдік нарықта қара алтын құны күрт шарықтап кететінін айтады. Бұл ретте халықаралық энергетикалық агенттік 120 миллион баррель мұнайды қоймадан шығаруға ниетті екенін білдірді. Ұйым бұрын-соңды мұндай ірі көлемде шикізат шығарылмағанын жеткізді. Сарапшылар осындай шараның арқасында санкциялардың кері әсерін азайтып, бағаның күрт шарықтап кетуінің алдын алуға болады дейді.

## ГЕРМАНИЯ УКРАИНАДА ҚАЗА БОЛҒАНДАРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Германияда жұрт Украинада қаза болған бейбіт тұрғындарды еске алды. Парламент ғимаратының алдына 5 мыңға жуық адам жиналды. Олар қырылған адамдарды бейнелеп, түгел жерге сұлап жатқан. Наразы жұрт жергілікті биліктің Мәскеумен алысберісін тоқтатып, ресейлік энергия тасымалдаушыларға эмбарго енгізуін талап етті. Айта кетейік, Еуроодақ елдері Ресей газы үшін бір күнде 380 млн. еуро жұмсайды екен. Митингіге келгендер Украинадағы сұмдық жағдайға түбегейлі қарсы. Олардың ойынша Ресейге жаңа санкциялар салынса, бұл шектеулер соғысты тоқтатуға ықпал етуі мүмкін. «Әрине санкциялар бәрімізге де кері әсерін тигізеді. Десе де, аймақтағы жағдайды сырттан ғана бақылап, өз үлесімізді қоспай тыныш отыра алмаймыз» – дейді шеруге шыққан белсенділер.

## ГОНКОНГТА ТАБЫТ ЖЕТІСПЕЙДІ

Біраз уақыт саябырсып, қайта бұқтырған ковид індеті әлем жұртшылығын аландата бастады. Гонконгта жұрт сабылып, табыт таппай қалды. Коронавирустың бесінші толқынымен арпалысып жатқан қалада қайтыс болғандарды жер қойнына тапсыру қиындап тұр. Өйткені пандемияға байланысты шекара жабылып, ағаш жеткізілмеген. Сол себепті табыт жасаушылар тапсырысты орындап үлгірмей жатыр. Бұған қоса марқұмдардың құжаттарын алуға да ұзынсонар кезек. Ал мәйітті дәрігерлер жерлеу рәсіміне дейін ауруханада сақтауға мәжбүр. Айта кетелік, індет басталғалы бері Гонконгта 1 миллионнан астам адам ауырып, оның 8 мыңы о дүниелік болды.

**2-3-бетті дайындаған Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

**Қазір біреудің жақсылығын айтсаң, жағымпаз атандыратын, мінін айтсаң, бәлеқор дейтін, үндемесең, «құлдық санадағы пендеге» айналдырып шыға келетіндердің «дәурені» жүріп жатқан «бір қызық» заман боп тұр. Бұған жел беріп, су бүркетіндердің дені, әлбетте, әлеуметтік желідегі желбуаз пікірлі, боссөзді желбіржекен жандар. Бірақ мен өз басым «осыныма ел не дейді екен?», «жұрт қалай қарайды?» деп жан-жағына жалтақтайтын адамның сұрпынан емеспін. Содан да шығар, наурыздың он алтысында, сәрсенбі күні сағат 11.00-де телеарналарымыздан тікелей берілген Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Жолдауын көріп, тыңдап отырып, осы бір ғана тақырыпқа бір мезетте бір ғана фейсбук парақшаларымның беттерінде бас-аяғы 30 шақты пост арнап тастаппын. Бұл нені білдіреді. Бұл – Жолдаудың әр жолынан, Президенттің әр сөзінен алған әдемі әсерімнің ізін суытпай айналамдағы жақын-жуықтарыммен бөліскенім деген сөз.**



# ДАМУДЫҢ ЖАҢА САТЫСЫ

Шынын айту керек, Қ.Тоқаевтың бұл жолғы Жолдауынан көп жаңалық, көп өзгеріс күткеніміз рас. Қоғамға келелі өзгерістердің қажет болғанын, халықтың әсіресе, нақты қай бағыттың түбегейлі өзгеруін қалайтынын, және ол жаңа бағытқа қай жолмен жүрсе дөп түсетінін нұсқай алатын бағдарды бір көрсетсе мемлекет басшысының өзі көрсете алатынына кәміл иландық. Өйткені бұл сенім, жасыратыны жоқ, ол кісіге жұрт тарапынан тарих тақтасына қаралы, қанды әріппен таңбаланған «Қаңтар оқиғасынан» кейінгі шешуші рөлді бір өзі атқарғанда ұяланылып үлгерген-тін.

Сондықтан да, «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдаудың, алдымен, «Бәрекелді!» дегізіп, дүйім елді елең еткізген тұстарына тоқталғанымызды жөн көріп отырмыз.

Президент өз Жолдауында Алматы агломерациясына қатысты түйіткілді мәселелердің көптігін айтқан. Ұзынағаштағы немесе Талғардағы мәселені сонау Талдықорғанда отырып шешу оңай еместігін айтты. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, Алматы облысының екіге бөлінетіндігін және бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылатындығын жеткізді. Енді Алматы облысының орталығы Қапшағайда, ал Жетісу облысының орталығы Талдықорғанда орналасатын болады. «Алматы облысын екіге бөлуді ұсынамын. Бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының орталығы Қапшағайда болуы керек. Ал, Жетісу облысының орталығы Талдықорғанда орналасады», – деді ол. Сондай-ақ, Қапшағай қаласының атын Қонаевтың есіміне ауыстыруға келісетінін жеткізген Президенттің сөзінен заманымыздың ұлы тұлғасы Д.А.Қонаевтың есімі расымен де енді мықтап ұлықталар ұтымды уақыттың келгені бірден байқалды. Оның үстіне биыл ол кісінің туғанына 110 жыл да толып отыр. Бұдан неше ондаған жылдар бұрыннан бері қозғалып келе жатқан бұл ұсыныстың жүзеге асырылуы нағыз осы мерейлі сәтке тұспа-тұс келген тұжырым болды. «Игіліктің ерте-кеші жоқ». Ұлы қайраткерді өз биігіне қондырар сәттің кешігіп болса да пайда болғаны – әділеттіліктің салтанат құрғаны деп түсінуіміз керек. «Қапшағай қаласы халқымыздың біртуар перзенті Д.Қонаевтың есімімен тығыз байланысты. Егер жұртшылық Қапшағайға Қонаевтың есімін беру керек деген ұсыныс айтса, мен бұл пікірге қосыламын», – деген Президенттің сөзіне шәпкесін көкке ата қуанғандар қаншалықты көп болса, «Казинолы Қапшағайға емес, астанаға беру керек атын» деп қиыстан бұра тартушылар да шығып қалып жатты. Қашан да соңын сабырмен күтетін біздер болсақ, алдымен Қапшағайға аты берілсе, сосын, Қонаевтың есімін алған әсем қаланың атына заты да сай болуы керек делініп, құмар ойындардың ордасына айналған қалашықтың кесиет кесірлі кейпі тарылып, таулы жұпары заңғар тазалықпен рухтандырылып, бірте-бірте әдебиет пен өнердің рухани қазығы шоғырландырылатын мәдениет ортасына айналатын шығар деп, көңіл көншітіп отырмыз.

Күллі Алаш жұртын дүр сілкіндіріп қуантқан жаңалықтың енді бірі Семей аймағында Абай облысын құру туралы идея болды. Қаншама жылдардан бері жетімдік көрген жасық баладай күй кешіп жаутаңдаған, Шығыс Қазақстан, Өскеменге жалтақтап келе жатқан Семей қаласының облыс орталығына айналатынын, және ол орталықтың ұлы Абай хакімнің есімін егеленетінін алғаш естігендегі эмоциямызды дәл сол күнгідегідей көз алдарыңызға елестете алмаспыз. Дегенімен де, бұл жаңалықтың көкейімізді әлі күнге шейін сәулелендіріп тұрғанын қалай бүкпекпіз. Жезқазған қаласы да қайтадан облыс орталығына айналып, Ұлытау облысы атанатын болды. Өмірге келетін жаңа аймақтың «Ұлытау» деген киелі атауының өзі қандай шіркін! «Жаңадан құрылатын облыстардың Абай, Ұлытау, Жетісу деп аталуында ерекше мән бар. Біз ұланғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз», – деген Президенттің сөзі сөз-ақ!

Бұл шешімдердің арғы жағында үлкен әлеуметтік тақырыптар тұр. Ең жоқ дегенде жұмыс орындары ашылып, жұмыссыздықтың жүрімі қысқарады. Қаржылық дағдарыстардың түйіні тарқатылады. Азық-түліктің проблемалары азаяды. Оның ар жағында, осының нәтижесінде – баспана, отбасы, демографиялық өсім, көші-қон, ауыл мен қала арасындағы айырмашылықтар, тағы да басқа көптеген әлеуметтік саясат мәселелері жолға дұрыс қойылмай ма.

Айтпақшы, сөзіміздің басын әлеуметтік желімен байланыстыра өріп едік қой. Президенттің елімізде бірнеше облыс пен облыс орталықтарының құрылатындығы туралы жоғарыдағы хабарын сүйіншілей жөнелген фейсбук пен инстаграм желілері әлі ашылып та үлгермеген сол аймақтар мен өңірлерге кімдердің басшы болып баруы мүмкін екеніне де жасалған болжамдарды «өтірікті шындай, шынды тындай» гулетіп таратып үлгергенде, аңғал көңілдер бір-бірін құттықтасып, әкімдікке «үміткерлерлерге» ақжол тілесе бастаған.

Мысалы, Семей өңіріне Нұртай Сабильяновты да, Берік Уәлиді де, Ақберен Елгезекті де, т.б.-ды фейкпен әкім қып «отырғызып» қойған, аққөңіл халайық, әрине, оларды, тұлға ретінде бағалайтындықтан, сол лауазымға лайық көргендеріне ризамыз. Екі ортада олардың сол өңірдің тумалары екенін біліп алдық.

«Алайда, біздің осылай «ойластырғанымыз» дұрыс па? Қателіктер мен кемшіліктердің бәрі осылай пайымдаудан шығады: Абай облысына немесе Семейге әкім болуы мүмкін деген болжамдарды сол өлкенің тумаларына ғана теліп, әкімдік орынтаққа семейліктер ғана отырады деп есептеу өрескелдік емес пе. Жезқазғандықтар мен алматылықтар жайлы да бұлай өлшеу – өресіздік деп білеміз. Жүзге бөлініп, жершілдікке тартқаннан ауызымыз күйетін уақыт болды емес пе?!.

Руды, ата тек, шежірені тек қана қыз берісіп, қыз алысқанда ғана гендік қанымыздың тазалығы үшін ғана сақтасақ болмай ма?!. Қалған уақытта бәріміз Қазақ деген бір атаның баласы, Алаштың Ғұннан, Сақтан тараған ортақ ұрпағы емеспіз бе?!.

Неге жаңадан ашылып жатқан облыс, аймақ, қалалар орталықтарын басқаруға басқа өңірдің адамдарын да «қойып» көрмеске! Біздің қазақта талай-талай жігіттер бар емес пе нарқасқа! Әр өңірде де азаматтар табылады біртуар, жігіттердің де төрелері шығады іздесек! «Байтал шауып бәйге алмас» деп сыңаржақтықпен өзеуремесек, қазақтың небір қыздары да бар сенім артар. Желсөзді құйындай ұйтқыта айдайтын желідегі «дейді-дейділік» қой, әзірге, ...әйтпесе, сіз бен бізден әкімдікке кімді қояйын деп кім сұрап жатыр.

Дегенмен, жақсы сөз жібере берейік, жарым ырысқа айнала берсін дейтін шығарсыздар.

Тек, жерге (руға) бөліп, «қызмет» «таратқанды» қойыңдар, Ағайын!

Өзіміз санамызға дерт боп жабысқан жемқорлық пен сыбайластықтан көз ашып, құтыла алмай жатқанда, бұлай ету жарамайды! Қазақты құртатын – жершілдік!» деп жаздық өз парақшамызға...

Тұтасынан алғанда дамудың жаңа сатысын саралап берген Жолдауда көкейге қонатын көп бастама көтерілді. Қаңтар оқиғаларынан әлдеқайда бұрын мұқият ойластырылып, пысықталған бұл бастамаларына «асықпайық, заман жақсарғанға дейін бұл жоспарды қоя тұрайық», «қазіргі ахуалды өз мүддемізге пайдалануға мүмкіндік туып тұрса, жүйені өзгертудің не қажеті бар» деп ақыл қосқан сарапшылар мен мемлекеттік қызметшілердің де болғанын ашық айтқан Қасым-Жомарт Кемелұлының енді біреулердің геосаяси ахуал қатты шиеленісіп тұрған кезде елді «горбачевтік қайта құрудағы» сияқты берекесіздік жайлап, көше демократиясы белең алып кете ме деген орынды қауіптеріне қарамастан елге түбегейлі реформалар енгізу үшін тәуекелге бел байлағанына еріксіз тәнті боласыз.

Президент:

- Қоғамды дәйекті түрде демократияландыруға септігін тигізетін және мемлекеттің орнықты әрі басқаруға икемді болуын қамтамасыз ететін «Елдің саяси жүйесін кешенді жаңғыртудың бағдарламасын» ұсынды;

- Билік институттарының тепе-теңдігінің оңтайлы болуын қамамасыз етіп, елімізді орнықты дамытуға септігін тигізетін жаңа жүйені - басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшуді мәлім етті;

Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдыру үшін «Күшті Президент - ықпалды Парламент - есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа алатынын қатаң ескерткен мемлекет басшысы «Президенттің өкілеттігі туралы», «Өкілді билік тармағын қайта құру», «Сайлау жүйесін жетілдіру», «Партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту», «Сайлау үдерісін жаңғырту», «Құқық қорғау институттарын күшейту», «БАҚ-тың бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту», «Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру», «Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру», «Дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар туралы» он негізгі басымдықты қамтитын бастаманың атын атап, түсін түстеп берді.

– Өз міндетін табысты атқарған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына құрамы жағынан ауқымды, ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастыратын Ұлттық құрылтай құрылмақ;

- ҚР Президенті ешқандай партия мүшесі болмайтын болды;

- Ассамблея депутаттарының саны 9-дан 5-ке қысқарды; Партия құруға керекті қолдың саны 5 мыңға түсті, яғни партия құруға бес мың адам саны жеткілікті болады деген сөз;

- Байқаушылардың мерейі үстем болатын болды - Президенттің айтуынша, алдағы таяу күндерде Сайлау рәсімдері жетілдіріледі. «Демократия тарихы – сайлау рәсімдерін жетілдіру тарихы деген сөз»,-деген Тоқаев жергілікті және мемлекеттік басқарудағы өкілдіктердің жұмысы бірте-бірте сайлау арқылы, халықтық таңдау арқылы іске асырыла бастағанынан дәлелдер келтірді. Жариялылық деген осы. Ашықтық пен айқындылыққа негізделсе, атқарушы органдардың ісінде кемкетік мүлде болмауы тиіс.

- Президенттің туыстары ешқандай жоғары мемлекеттік билікті иеленбейтін болды;

- Конституциялық сот құрылады - Жолдауда аталған мәселенің бірі - осы, Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге Коституциялық сотқа жүгінуге мүмкіндік беру. Бұл деген сөз, расымен де, әділ әрі құқықтық мемлекеттің пайда болуына жасалатын маңызды қадам. Себебі, біздің қоғамдағы ең қымбат фактор – адам капиталы. Ал әрбір азаматының мүддесін панасына алып, әрбір азаматының құқығын қорғауға тырысатын мемлекет нағыз өркениетті, кемелденген мемлекет санатына қосылмақ.

-БАҚ-қа түбегейлі еркіндік берілетін болды – Ақпарат көздерінен алуан ақпарат күндіз-түні, қысы-жазы, үздіксіз, үзіліссіз үдеп, толассыз жауындай төпелеп жауып тұрған шағында қарапайым жұртта шынайы ақпарға зәрулік пайда болады. Осы кезде, олардың сүйенері отандық бұқаралық ақпарат құралдары болмақ. Президенттің БАҚ жайлы жоғарыда айтылған сөзін, атқарушы билік өкілдерінің тарапынан туындайтын цензорлық көзқарастың аса зиянды әрекеттерін меңзегені және сондай тірлікке үзілді-қарсылы тыйым салынатынына кепілдік бергені деп түсіндік.

- Жоғары аудиторлық палата құрылады; Республикалық бюджеттің сапалы орындалуына Парламент өзінің қатаң бақылауын күшейтуі қажет. Осы орайда, Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құруды ұсынды Қасым-Жомарт Кемелұлы.

- Жазалар қатаңдатылады; Зорлық-зомбылыққа қарсы жазалар қатаң күшейтілетін болды. Президент Парламент пен Үкіметке қатал тапсырма берді. «Менің азаматтардың негізгі құқықтарын қорғауға ерекше назар аударатынымды білесіздер. 2020 жылы біздің еліміз өлім жазасының күшін жоюды көздейтін азаматтық-саяси құқықтар туралы екінші факультативті хаттамаға қосылды. Өткен жылы мен осы саланы ұзақ мерзімді және кешенді дамытуға бағытталған Адам құқықтары саласындағы әрі қарайғы шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қатысуымен басқа да бірқатар прогрессивті бастамалар іске асырылды. Алайда, құқық қорғау проблематикасы үнемі жетілдіруді талап етеді», – деген Қ.К.Тоқаев өлім жазасын жою шешімін түпкілікті бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгерістер енгізу керектігін өте орынды айтты. Себебі, әділдік үстем болатын құрылымда қоғам міндетті түрде принципті ғана емес, өзінен-өзі парасаттылық сипатқа еге болатыны да айдан анық. Тек енді алдан бұл іске жауаптыларды осы жұмыстарды жүзеге дұрыстап асыру функциясы күтеді.

- Конституцияның 30-дан астам бабы өзеретін болды; Сондай-ақ жыл соңына дейін 20-дан астам жаңа заң қабылданатын болады. Президенттің сөзінде келтірілген бұл ой бір қарағанға өзекті боп көрінбеуі мүмкін. Өйткені, көпшілігіміз заман өзгерген сайын заңдардың өзгерістер мен түзетулерге жиі ұшырай беруін бұрынғы ой-пікірлерімізде де сынға алатынбыз.

Заң деген Тәуке ханның «Жеті жарғысындай» бұлжымас қағидатқа айналмай ма дейтінбіз іштей қынжыла. Бірақ осы жолы аздап өзгерту енгізбесе болмайды, өйткені Ата Заңымызда бұрынғы уақыттардың сарқыншағындай солқылдақ тұстар бар-тын. Жаңара бастаған Қазақстанға бұлжымай жүзеге асырылатын Ата Заң қажет! Бәлкім сосын, 300 жылда бес-ақ өзгеріс енгізілген АҚШ-тікі сияқты мызғымас Конституцияға айналар.

ҚР Президентінің өз Жолдауының соңында дүйім елді елең еткізген соны бір сөзі болды: «Мен азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын!»

«Міне, азамат! Бұл сөз бұрын-соңды неге басқамыздың ойымызға келмеген?..» деген таңданысымызды жасыра алмаған ризашылық толы эмоциямыз әлеуметтік желінің аппақ парағына ақ жауындай себелеген. Бұған дейін ылғи «Бүгінше шыдайық, ертеңгі күніміз жақсы болар», «болашағымыз жарқын болады, келешекте бақытты ғұмыр кешеміз» деп жылт еткен үміттің жалынсыз отына жылынып, сенімсіз сенімнің болар-болмас жарығын қалқалап, қанағатшылдық пен тәубешілдіктің авансымен өмір кешіп те келе жатқан едік қой. Неткен төзімді едік. Төзімділік әрине кемшілік емес. «Не деген көнбіспіз» деуіміз керек шығар. Көнбістік деген, бұл енді - нағыз құлдық психологияның апогейі емес пе.

«Шықпа жаным, шықпамен» күн көрген қазағым, ертең деп, келер күнге емексімей, бүгіннен бастап бақытқа кенелсек, қанеки, шіркін!..

Халыққа қажетті реформаларды жасауды өзінің президенттік басты міндеті санаған Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдаудағы әрбір сөзі сын-қатерлі күндердегі барлық ауыртпашылықты өз мойнымен мойымай көтеруге бел буғанын айғақтап тұрғандай. Алда сан тараулы соқтықпалы соқпақсыз жолдар. Енді одан елді оңға да, солға да шайқалтпай, қылкөпірдей қауіптерден аман-есен алып шығу - осы кісінің жауапкершілігінде.

«Біз мызғымас бірліктің арқасында мемлекетімізді қорғап қалдық». Өз Жолдауында осы сөздің астын сыза, баса айтқан Президент қас-қағым сәтте көз алдымызға қаралы қаңтардың қасіретті суретін әкеліп, содан бері де әлі күнге дейін әрі-сәрі күйде жүрген желсөзділердің ақыл-есін жиып бергендей күйге түсірді. Тар жол, тайғақ кешу бастан өткен тап сол кездерде «Билік құламайды!» деп табандылық танытқан Тоқаев жоғарыда біз сөз еткен Жолдауы арқылы бұрынғыдан да биіктеп кетпесе, еш төмендеген жоқ. Бұдан екі-үш жыл бұрын денсаулықтың қадірін ұққанбыз. Бұдан екі-үш ай бұрын бейбіт өмірдің қадірін түсіндік. Демек, Президенттің Халқымызға жолдаған сөзімен келіспеске әддіңіз жоқ. Қазақстанды жаңартамыз, қоғамдық құрылымды жаңғыртамыз десек, алдымен осы айтылғандарды қапысыз жүзеге асыруға жұмыла атсалысуымыз қажет. Онсыз қасанданып қалған ескі қағидаттар мен қатып қалған шандыр жүйені түп-тамырымен өзгеріске түсіру қиын болмақ.

**Үміт БИТЕНОВА,**
**ақын, Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі,**
**Талас аудандық мәслихатының депутаты**

*Жамбыл облысы*

PARLAMENT TYNYSY

# АЗАТ ПЕРУАШЕВ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІ ҰСЫНДЫ

**Арқалық өңірі халқының сұрауы бойынша Торғай облысын қалпына келтіру керек. Бұл туралы бүгін ҚР Парламент мәжілісінің жалпы отырысында «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев мәлімдеді.**

Атап өту керек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында елімізде Абай, Ұлытау және Жетісу облыстары құрылатынын айтқан болатын.

Бүгін Мәжілістің жалпы отырысында Азат Перуашев Мемлекет басшысының бұл игі бастамасын қолдай келе, Арқалық өңірі тұрғындарының сұрауы бойынша бұрынғы Торғай облысын қайта қалпына келтіру мәселесін қарастыруды ұсынды.

– Арқалық өңірінің тұрғындары кездесулерде Торғай облысын қалпына келтіру туралы әділ талаптарын алға тартты. «Ақ жол» фракциясы бұл талаптарды негізді деп санайды. Біз Мемлекет басшысына ұсыну үшін Үкіметке осы мәселені қарастыруды ұсынамыз, – деді А.Перуашев.

«Ақ жол»:

# ҚАЗАҚСТАН КОРОНАВИРУСТЫҢ ЖАҢА ТОЛҚЫНЫНАН ҚАЛАЙ САҚТАНАДЫ?

**Қытайда коронавирустың жаңадан өршуіне байланысты «Ақ жол» фракциясы Денсаулық сақтау министрлігіне пандемияның қайталану қаупін ескеруді және дәрі-дәрмектер мен қорғаныс құралдарын дайындауды ұсынды.**

Бұл туралы партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Мәжілістің жалпы отырысында мәлімдеді.

Ол екі жыл бойы ковидпен жан берісе күрескен медицина қызметкерлерінің барлығына ризашылығын білдіріп, бірақ, пандемияны толық жеңдік деп айтуға әлі ерте екенін атап өтті.

«БАҚ Қытайда ковидтің жаңа өршуі туралы хабарлады. Қазақстанның мұндай қауіпке дайындығы қандай?», – деп құзырлы мемлекеттік органдарға сұрақ қойған Азат Тұрлыбекұлы «Ақ жолдың» жақында жолданған депутаттық сауалына тоқталды.

Аталмыш сауалда фракция дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды жеткізу үшін «СК-Фармация» мен өндірушілер арасындағы ұзақ мерзімді шарттарды ұзартуды талап еткен болатын.

«Денсаулық сақтау министрлігі дәрі-дәрмектерді сатып алу туралы сұраққа жауап берді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, инфекцияға қарсы тұруда медициналық қорғаныс құралдары - маскалар, қолғаптар, жеке қорғану құралдары да маңызды рөл атқарады. Коронавирустың жаңа толқыны өзекті болып тұрған жағдайда олардың қорын қамтамасыз ету қажет», – деді «Ақ жол» басшысы.

*«Ақ жол» демократиялық партиясының баспасөз қызметі*

# ӘКІМДЕРДІҢ ЖАУАПСЫЗДЫҒЫНАН ХАЛЫҚ ЗАРДАП ШЕКПЕУІ ТИІС

Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарындағы су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету үшін Үкімет резервінен қаражат бөлу қажет. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев мәлімдеді.

«Көктем әрдайым күтпеген жерден келіп, қар да кенеттен еритін секілді. БҚО мен Ақтөбе облысында су тасқыны салдарынан адамдар жеке мүліктерін жоғалтып, үйлер мен әлеуметтік нысандар құлады; автожолдар шайылып кетті, бірқатар ауылдар қатынассыз қалды. Кейбір жағдайларда жергілікті органдардың кінәсі бар екені байқалады, бірақ адамдар үлкен шығынға ұшырауда. Үкімет резервінен зардап шеккен халыққа қажетті көмекті қарастыруларыңызды сұраймыз», – деп атап өтті Перуашев.

# «АҚ ЖОЛҒА» 20 ЖЫЛ!

**Осыдан 20 жыл бұрын, яғни 2002 жылдың 16 наурызында болашақ «Ақ жол» партиясының алғашқы құрылтайы өтіп, соның нәтижесінде 3-сәуірде партия ресми тіркелген болатын.**

Жиырма жылда түрлі қиын жылдардың, тар жол, тайғақ кешулерді бастан өткерген партия бүгінде елдің саяси сахнасында өзінің елеулі орны бар, парламентте халықтың мүддесін қорғап жүрген, қоғам алдында абырой-беделі биік іргелі саяси ұйымға айналған.

«Ақ жол» еліміздегі Президент сайлауына екі рет қатысты. Қазір Мәжілісте 12 депутаты бар екінші партия.

220-дан астам мәслихат депутаты, 13 ауыл әкімі бар партия.

Алаш ұстанымын ұстанған «Ақ жол» партиясының арқасында Қазақ Парламенті тарихында тұңғыш рет 2007 жылы Алаш арыстарының аттары аталып, ұлағатты істерін ұлықтау мәселесі көтерілді.

Сонымен қатар, 2012 жылы Парламент Мәжілісінде «Ақ жол» фракциясы құрылғалы бері Алаш туралы 30-дан аса депутаттық сауал жасалды.

«Ақ жол» партиясының бір қанаты зиялы қауым өкілдері болса, бір қанаты кәсіпкерлер.

Кәсіпкерлер мүддесін қорғауда да партия табанды еңбек етіп келеді. Партияның бастамасымен шағын және орта бизнес өкілдерінің өмірін айтарлықтай жеңілдететін көптеген заңдар қабылданды.

«Ақ жол» партиясының бастамашылығымен «Парламенттік оппозиция» туралы заң қабылданды.

Біздің атқарар игі істеріміз әлі алда.

Қаңтар қасіретінен кейін қайта құрылып, Жаңа




Қазақстанды құрып жатқан мемлекетімізде «Ақ жол» алдыңғы қатардан көріне береді деп білеміз.

Осы орайлы сәтте партияның барша мүшесін мерейлі күнмен шын жүректен құттықтаймын! Алдағы уақытта да еліміздің дамуына өз үлесімізді қосу үшін қажырлы еңбек ете берейік.

Барлығыңызға Ақ жол тілеймін!

**Азат ПЕРУАШЕВ,**
**«Ақ жол» партиясының төрағасы,**
**Мәжіліс депутаты**



# Әділбек ҚАБА:
# ҚАЗАҚ ТІЛІН ЫНТАЛЫЛАР

**Мемлекеттік тілді дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы оқырманға толыққанды ақпарат жеткізу үшін «Қазақ үні» ақпарат агенттігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Әділбек Қабамен эксклюзивті сұхбат ұйымдастырып, Тіл саясаты комитеті қызметінің өзекті жобалары жайлы әңгімелесті.**

**– Мемлекеттік тілді дамыту бойынша өңірлердегі тіл орталықтарының атқарып жатқан жұмыстары қандай?**

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті өз құзіреті шегінде қазақ тілін оқыту жұмыстарын үйлестіріп келеді.

Бүгінде жергілікті атқарушы органдарға қарасты тіл оқыту орталықтары бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі негізде жүзеге асырып отыр. Жалпы бөлімшелерін қоса алғанда орталықтардың саны 108 құрайды және 2011 жылдан бері 700 мыңға жуық адам қазақ тілі курстарынан өтіп үлгерді.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 6-бабында: «Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды» делінген.

Бұл бағытта тек тіл оқыту орталықтары ғана емес, орталық, жергілікті атқарушы органдар, ұлттық компаниялар да мақсатты жұмыстар жүргізуде.

Мәселен, былтырғы жылдың қорытындысы бойынша 51915 адам мемлекеттік тілді тегін үйреніп, сертификат алса, оның 35697-сі орталықтарда ұйымдастырылған курстарға қатысқандар. Этномәдени бірлестік жанындағы жексенбілік мектептердегі курстарда 7749 адам, орталық атқарушы органдарда 5759 адам, ұлттық компанияларда 2710 адам мемлекеттік тілді оқыған.

Осының ішінде бірқатар мекемелердің қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге қосып жатқан үлестерін атап өтпеске болмайды. Мысалы, Ішкі істер министрлігі 4472 адамның курстарға қатысуын қамтамасыз еткен. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті (541 адам) мен ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің (391 адам) де бұл бағыттағы жұмыстары нәтижелі.

Қазақ тілін оқыту жұмысында «Қазақтелеком» АҚ 2021 жылы 2399 қызметкерінің курстарға қатысуын қамтамасыз еткен.

Жамбыл, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстарында орналасқан этномәдени бірлестіктер де бұл бағыттағы жұмыстарды іске асыруға сүбелі үлестерін қосып отыр.

Сондай-ақ былтыр өңірлерде шағын және орта бизнес өкілдеріне арналған қысқа мерзімді қазақ тілі курстары ашылды.

Бүгінгі танда республика бойынша қазақ тілін грамматикасыз үйретуге арналған 34 клуб ашылып, тиісті жұмыстар жүргізуде.

АҚШ, Ресей, Түркия, Франция, Германия, Бельгия, Иран және т.б. елдердегі диаспоралар үшін қазақ тілін оқыту курстары өткізілгенін де атап өткен жөн.

**– Сонда шетелдегі қазақ диаспораларына қазақ тілін оқыту қалай жүргізілуде?**

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті 2020 жылдан бастап «Абай институты» ашық білім беру-танымдық жобасын жүзеге асыра бастады. Дүниежүзінде белгілі бір халықтың тілін, әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін насихаттауға бағытталған институттар баршылық. Оған мысал ретінде түріктің Юнус Эмре институтын, немістің Гёте және испаниялық Сервантес институттарын келтіруге болады. Бұлар тек тіл үйретумен шектелмейді, мәдениет, өнер саласындағы еларалық өзара әріптестікті одан әрі дамытуды, достықты нығайтуды мақсат етеді.

Біздің жобаның да көздеген мақсаты осыған саяды.

2020 жылы жоба аясында «Abai.institute» веб-порталы іске қосылып АҚШ, Түркия, Ресей, Франция, Германия, Британия, Бельгия, Иран, Моңғолия, Өзбекстан, Мажарстан елдеріндегі қазақ ирредenталары (диаспора) қазақ тілін оқу мүмкіндігіне ие болды. Ел азаматтары да кез-келген уақытта порталдың мобильді нұсқасын Android, iOS платформалары арқылы жүктеп алып, қазақ тілін үйрене алады. Портал интерфейсі 6 тілде (орыс, ағылшын, түрік, неміс, француз, парсы тілдері) берілген. Порталда әрбір тіл үйренуші өзінің жеке кабинетін ашып, қазақ тілін орыс, ағылшын, түрік тілдері арқылы меңгере алады. Сабақты виртуалды оқытушы жүргізеді.

Жоғарыда аталған мемлекеттерде қазақ тілі кабинеттері ашылып, оқыту офлайн және онлайн форматтарда жүргізілуде.

Шетелдегі отандастармен жұмысты ұйымдастырып, жоғарыда аталған елдердегі қазақ тілі кабинеттерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп отырған «Отандастар қоры» АҚ-ның рөлі ерекше. Осы ақпан айында басталған «Онлайн қазақ тілі» курсына әлемнің 23 елінен 800 адам тіркеліп үлгерген екен. Оқыту жұмыстары «Abai.institute» вебпорталы мен «Қазақ тілінің әмбебап оқулығы» негізінде жүргізілуде.

Курсты қазақ тілін үйретіп жүрген отандық оқытушылар мен әдіскерлер өздерінің жылдар бойы қалыптасқан тәжірибелері негізінде деңгейлер бойынша жүргізді.

Енді биыл 8 мемлекеттегі 10 қалада, атап айтқанда, Нью-Йорк, Лондон, Париж, Берлин, Ұлан-Батыр, Ыстамбұл, Анкара, Орынбор, Омбы және Иранның Горган қаласында офлайн режимдегі қазақ сыныптарын ашу жоспарланып отыр.

Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне қазақ тілін үйретіп жүрген оқытушылардың біліктілігін арттыру мәселесі де назардан тыс қалмады. Бұл мақсатта «Қазақ тілін үйрету: отандық және шетелдік тәжірибе» курсы ұйымдастырылды. Курс қатарынан екі жыл өткізілді және алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Сонымен қатар шетелдегі қазақ диаспорасына арналған қазақ тілін үйрететін әмбебап басылым әзірленді. Бүгінгі таңда басылымның А1, А2 деңгейлері бойынша контенті қазақ, орыс, түрік, ағылшын тілдерінде дайындалып, порталға орналастырылды.

**– Жалпы мемлекеттік тілді үйретуде қандай әдістер қолданылып жүр?**

– Әр жылдары Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен қазақ тілін үйрету әдістемесі бойынша түрлі еңбектер жарық көрген.

Оның ішінде қазақ тілінің қолданбалы грамматикасын меңгертуге негізделген Зейнехан Күзекованың, өзгетілді аудиторияға қазақ тілін оқытуда аударма тілдің көмегіне жүгінбей оқыту мен деңгейлік оқыту әдістемесін әзірлеген Қарлығаш Қадашеванын, функционалдық грамматикаға негізделген қазақ тілін оқыту әдістемесін ұсынған Зәуреш Ерназарованың әдістемелерін атап өтуге болады.

Осы жылдар аралығында қазақ тілін меңгерудің Мемлекеттік стандарттары, лексикалық минимумдар, электронды жабдықтау бағдарламалары, грамматикалық анықтағышы, деңгейлік оқулықтар, тіл-құралы (А1 – қарапайым, А2 – базалық, В1– орта, В2 – ортадан жоғары, С1 – жоғары деңгей) типтік оқу-әдістемелік кешені дайындалды.

Мемлекеттік тіл бағдарламалары аясында шығарылған оқу-әдістемелік құралдарды тіл оқыту орталықтары қазақ тілін оқытудағы ортақ әдістеме ретінде басшылыққа алып жүр. Атап айтқанда А1, А2, В1, В2, С1 деңгейлеріне арналған «Типтік оқу-әдістемелік кешені» (мемлекеттік стандарттар, лексикалық минимум, электронды жабдықтау бағдарламасы, грамматикалық анықтағыш, оқулық, тіл-құралы); «Тілдарын» оқу-әдістемелік кешені; Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі оқу-әдістемелік кешені; Көркем шығармалар арқылы тіл үйретуге арналған қазақ тілі; «Іскери қазақ тілі» (оқу құралы+CD); «Қазақ және ағылшын тілдеріне қарқынды оқыту жөніндегі интерактивті оқыту жүйелері, инновациялық-әдістемелік бейнесабақтар кешені»; «Қазақ тілін үйретудің бастапқы лексикалық және грамматикалық минимумы»+мультимедиа; «Қазақ тілі» ортадан жоғары деңгейі (В2); «Қазақ сөзі» қазақ тілінің белсенді лексика-грамматикалық минимумының әдістемелік кешендері (137, 500, 900, 1200, 1500 сөз), «Әдіскер анықтамалығы»; «Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы»; «Әлеуметтік лингвистика» ғылыми-әдіснамалық құралы мен сөздігі; Мемлекеттік қызметкерлерге арналған қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік; «Шаңырақ» үстел лингвистикалық ойыны және т.б. құралдар.

Тілдерді оқыту орталықтарының авторлық бағдарламалары, ересектерге қазақ тілін тиімді оқыту әдістемелері бар оқытушыларын ынталандыру мақсатында жыл сайын А.Байтұрсынұлы атындағы байқау өткізіледі.

Үздік авторлық әдістемелері бар оқытушылардың көтермеленіп, әдістемелері республика бойынша Тілдерді оқыту орталықтарына таратылады.

Осы байқау биыл да өткізіледі және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерін зерделеу арқылы оның тіл біліміне қатысты ұтымды әдіс-тәсілдерін анықтау және насихаттауға бағытталады.

Жалпы тіл оқыту процесін сатылап жүзеге асырған өте маңызды.

Осы ретте мектептен бастап ересек адамдарға дейін тіл үйретудің жаңа тұжырымдамасының жобасы әзірленіп, Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясымен бірлесіп ғалымдар, әдіскерлер, практик мұғалімдердің қатысуымен бірнеше онлайн талқылаулар өткізілді.

Биыл қазақ тілін үйретудің тұжырымдамасын қабылдау, қазақ тілін «мектеп-колледж-ЖОО-мемлекеттік қызмет, халыққа қызмет көрсету» сатысы бойынша үйрету жүйесін құру, тестілеу мен сертификаттау жүйесін енгізу бағытында жұмыстар жүргізілетін болады.

Тұжырымдама қабылданған жағдайда бұл қазақ тілін мектептен бастап ересектерге дейін сатылап нәтижелі меңгертуге мүмкіндік беретін болады.

**– Туризм саласын қазақшаландыру бойынша қандай істер атқарылып жатыр?**

– Еліміздегі тартымды туристік бағыттардың 11-і ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген екен. Бұл туристік сала терминдеріне баса назар аударуымызға себеп болып отыр.

Әрбір жаңа процесс, өнім, жаңа ұғымдардың, тиісінше оларға берілген жаңа атаулардың тілге енуі – заңды құбылыс. Осы ретте экономика, құқық, ғылым, бір сөзбен айтқанда, қоғамның барлық салаларында бар және жаңадан пайда болып жатқан ұғымның атауы ретінде қызмет атқаратын терминологияны тілдің «аса белсенді» саласы деп атауға болады. Бұл үрдіс қазақ тіліне де жат емес.

Өздеріңізге белгілі, 2016 жылы қазақ тілінің электрондық базасы «Termincom.kz» сайты ашылған болатын. Бұл сайтты ашудағы мақсат – қазақ тілі терминологиясына қатысты еңбектердің көпшілікке қолжетімділігін қамтамасыз ету, терминдерді қазақ тілінің нормаларына сәйкес реттеу, жүйелеу.

Осы сайтта қазақ терминологиясының мазмұны мен құрылымына негізделген электронды Алаң ашылды. Алаң «Бекітуге ұсынылған терминдер», «Ұсыныстар», «Қолданыстағы терминдер» сияқты айдарлардан тұрады.

Бүгінде қазақ тілінің терминологиялық қоры біраз толығып, сала дамып келеді дегенмен, бұқаралық ақпарат құралдары мен ресми құжаттарда бір ұғымды білдіретін терминнің

# ҮЙРЕНУГЕ КӨБЕЙДІ



әркелкі қолданылуы ұшырасып отырады. Осыған байланысты жекелеген терминдерді ғаламторда талқыланып, түрлі ұсыныстар айтылып жатады. Осындайда айтылатын ұтымды ұсыныстардың бірі терминологиялық базаға еніп жатса, енді біреулері арнайы жүйеден тыс қалып қалады.

Қоғамда әркелкі қолданылып немесе аудармасы қиындық туғызып жүрген терминдердің Үкімет жанындағы Республикалық терминология комиссиясында қаралып бекітілетіні белгілі. Қазіргі уақытта терминдер бекітілмес бұрын әркімнің өз ұстанымын білдіру мүмкіндігі пайда болды. Комиссия мүшелері әр терминге қатысты өз ұстанымдарын алдын ала Алаң платформасында білдіріп отырады. Кез келген адам «Termincom.kz» сайтына кіріп, Алаңға орналастырылған бекітілетін терминдерге қатысты өзінің пікірін білдіріп, терминдерімізді жүйелеу ісіне атсалыса алады.

Осы Алаң әлеуетін пайдалана отырып, туризм саласына қатысты жұртшылық пікірін білу мақсатында 2021 жылы «Туризмді қазақша сөйлетейік» республикалық байқауын өткіздік.

Байқау ережесі БАҚ-та жарияланып, республикамыздың әр өңірінен 13 адам қатысты.

«Туризмді қазақша сөйлетейік» республикалық байқауына қатысушылардың байқау кезеңдеріндегі терминдерін Алаңға салдық.

Байқауға қатысушылар мұзбалға (айсбайль), танымжорық (экскурсия), арқақоржын (рюкзак), тосынкатер (форс-мажор), дауажай (курорт), үңгірсаяхат (спелеотуризм), шытырман туризм (adventure-туризм) және т.б. терминдер ұсынды.

Байқаудың қорытындысымен сәтті деп табылған терминдер биыл Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы отырысында бекітуге ұсынылатын болады.

Жалпы терминология комиссиясы құрылған 1971 жылдан бастап 31378 термин мақұлданды. Мәселен былтыр 3000-ға жуық терминге сараптама жасалып, 2902 термин бекітілді.

**— «Мен қазақша сөйлеймін» акциясын өткізіп жүрсіздер. Маңызы неде?**

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» деген болатын.

«Мен қазақша сөйлеймін» республикалық акциясын өткізудің мақсаты да мемлекет басшысының осы айтқан пікірімен саяды. Яғни акцияның мақсаты мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі қызметін нығайту, мемлекеттік тілді меңгерген қоғамдық белсенді өзге ұлт өкілдерін ынталандыру.

Былтыр Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу шеңберінде өткізілген бұл шараға еліміздің 15 өңірінен 66 құқық қорғау органдарының қызметкерлері қатысты.

Белгілі қазақ ақындарының туған ел, туған жер, ана тілі тақырыбындағы жыр жауһарларынан үзінділерді мәнерлеп жатқа оқыған 17 этнос өкілдерінің көпшілігінің таңдауы былтыр туғанына 90 жыл толған ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармалары болды.

Енді биылғы акцияға еліміздің 17 өңіріндегі мемлекеттік тілді жетік меңгерген Қазақстан халқының барлық жастағы этнос өкілдері – медициналық колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері, медицина ұйымдарының қызметкерлері қатысады деп отырмыз.

**— Жалпы мемлекеттік тілді меңгеруде этнос өкілдерінің белсенділігі қандай?**

— Республикалық, аймақтық этномәдени бірлестіктер жанындағы жексенбілік мектептерде мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін оқыту курстары жүргізілді. 2021 жылы курс сұраныс бойынша украин, ингуш, дүнген, ұйғыр, өзбек, армян, еврей, түрікмен, тәжік этностарына жүргізілді. Курстарға барлығы 553 тыңдаушы қатысты. Шараның техникалық ерекшеліктеріне сәйкес қазақ тілі бойынша сағат саны 2700 академиялық сағатты құрады.

Республика бойынша 670 этно-мәдени бірлестік жұмыс жасайды, оның 220-сына қазақ тілін оқытуда әдістемелік көмек көрсетілді.

Еліміздегі мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін оқып-үйрену бойынша әдістемелік көмекпен қамтылған республикалық этномәдени бірлестіктердің үлесі 2021 жылы 32%-ке жетті.

**— Қазақ тілін өз бетімен үйренгісі келетін азаматтарға қандай кеңес берер едіңіз?**

— Қазақ тілін үйренуге талпынып жүрген қандас азаматтарымыз бен өзге ұлт өкілдерінің саны жылдап артып келеді.

Азаматтардың қазақ тілін оқып, үйренуге деген құлшыныстарын қанағаттандыру – біздің құзырлы орган ретіндегі басты міндеттеріміздің бірі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті бұл бағытта мақсатты жұмыстар жүргізіп, 2016 жылдан бері бірқатар IT жобаларды іске асырды.

Нақты қазақ тілін өз бетімен үйренемін деген аудиторияға «Balatili.kz», «Tilqural.kz», «Tilmedia.kz», «Abai.institute» порталдарын қолдануға кеңес берер едім.

«Tilqural.kz», «Tilmedia.kz», «Abai.institute» порталдары ересек аудиторияға арналса, «Balatili.kz» - аты айтып тұрғандай 5 жастан жоғары балаларға, сонымен қатар бала тәрбиесі мен оқытуды жүзеге асырушы тәрбиешілер мен мұғалімдерге, ата-аналарға арналған «Balatili.kz» сайтын атап өткім келеді.

«Tilqural.kz» порталы iOS және Android арқылы қолжетімді.

Алдағы уақытта қалған электронды порталдардың да мобильді қосымшаларын жасауды қолға аламыз.

**Сұхбаттасқан**
**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**
*Қазақ үні*

## АҚШ-та БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТЕДІ

**«Болашақ» бағдарламасының стипендиаты Әсел Әбілдаева Лос-Анджелес қаласындағы Оңтүстік Калифорния университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп, бос уақытында Qazaq Community California аясында балаларға Қазақстан тарихы мен қазақ тілін үйретеді. Әсел балаларға арналған оқу бағдарламасын әзірледі. Ол өзінің сабақтарында геймификация элементтерін белсенді қолдана отырып, қазақ тілін жеңіл әрі қызықты етіп үйретуде.**

«Менің ойымша, шетелде тұратын отандастарым, әсіресе балалар ана тілін, мәдениетін, халқының тарихын білуі керек. Балалар қазақ тілін, еліміздің тарихын қуана оқиды. Мен оларға ұлы бабаларымыз, хандарымыз, батырларымыз туралы әңгімелеймін және қазақ жазушыларының, ақындарының, ғалымдарының өмірбаянымен, шығармашылығымен таныстырып отырамын. Көрнекті ағартушы, қоғам қайраткері, ғалым-реформатор, қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында балалармен бірге таныстырылым өткізіп, ұлт ұстазының Қазақстан тарихындағы орны туралы әңгімелестік», – дейді «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты Әсел Әбілдаева.

Қазір Әсел 7-12 жас аралығындағы 40-қа жуық баланы оқытып отыр. Балалар аз ғана уақыттың ішінде ана тілінде сөйлеу мен жазуды меңгеріп үлгерді. Балалар ана тілінде бір-бірімен пікірлесіп, өз ойын жеткізе алады.

«Лос-Анджелес қаласында тұратын қазақ балалары ұлттық салт-дәстүрге, тарихи отанына қатысты барлық ақпаратқа қызығушылық танытады. Мен олардың барлық сұрақтарына жауап беріп, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын одан әрі арттыруға тырысамын», – дейді Әсел.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛГІСІ КЕЛЕТІН ШЕТЕЛДІКТЕР КӨП

**Ақпан айынан басталған «Онлайн қазақ тілі» курсына әлемнің 23 елінен 800 адам тіркелді. Тіркелгендердің ішінде этникалық қазақтардан бөлек, тілімізге қызығушылық танытқан өзге ұлт өкілдері де бар.**

Этникалық қазақтар тарихи тілін ұмытпау және Қазақстанда білім алып, атамекенде жұмыс істеу үшін қазақ тілін жетік меңгеріп жатыр. Ал өзге ұлт өкілдерінің тіл үйренудегі мақсаты екі бағытқа негізделген. Алғашқылары Қазақстанда жұмыс істеуге керек десе, екіншілері – қазақ тіліне қызығушылық танытатын және тілдік құрылысын зерттейтін – ғалымдар. Өзге ұлт өкілдерінің басым көпшілігі - Димаш Құдайбергеннің «Dears» жанкүйерлері. Олардың айтуынша, әншінің әндерін, сұхбаттарын ана тілінде еркін түсініп, сонымен қатар, қазақтың тарихымен, мәдениетімен тереңірек танысу үшін қазақ тілі сабақтарына зор ықыласпен қатысады. Сабақ орыс, ағылшын, түрік, парсы тілдерінде жүргізіліп, тыңдаушыларға ыңғайлы уақытқа қойылғандықтан қатысушылар саны артып келеді. Сабақ қазақ тілінің әмбебап оқулығы және «Abai institute» платформасы негізінде жүргізіледі.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҚАРЖЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛЫП ЖАТЫР?

**Мәжілістің жалпы отырысында депутат Ерлан Сайыров ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановқа қазақ тілін үйренуге қатысты сауал жолдады.**

«Қазіргі өте күрделі геосаяси жағдай еліміздің ішкі саясатының көптеген аспектілерін қайта қарауды талап етеді. Осынау терең мәселенің бірі - тіл саясаты, оның ішінде мемлекеттік тілді үйрену проблематикасы. Мемлекеттік тілді үйрету, оған баулу ыждахатты түрде бола отырып, өзара сыйластық, бауырластыққа әкелуі қажет. Мемлекеттік тіл қоғамның ынтымағының, бірлігінің символына айналуы, осы тұрғыда, мемлекеттік тілді үйретудің бағдарламаларының тиімділігі, тіл үйренушілерге нақты көмек жасауға қабілеттілігі тұрғысынан аудит жүргізу өте маңызды», – деді Мәжіліс депутаты. Оның атап өтуінше, «AMANAT» партиясы сайлауалды бағдарламасында мемлекеттік тілді дамытуға баса назар аударылған. Сондықтан, Мемлекеттік тілді үйретуге бағытталған қаржы қайда, қалай жұмсалып жатыр? Мемлекеттік тілді үйретуге бағытталған оқу-үйрету бағдарламаларының тиімділігі жөнінде қанша адам үйреніп шықты, қанша адам тілдік бірінші, екінші сатыға өткендігі жөнінде сараптама жасау қажет. Ерікті азаматтардың қазақ тілін үйренемін деушілерге әдістемелік тәсіл жағынан көмектесуге қабілетті бағдарламаларын мемлекеттік органдар қаншалықты тиімді қолдануда? Осы мәселелер бойынша Үкіметтің құзырлы органдарының қоғам алдында есеп беруін сұраймыз», – деді ол. Депутат мемлекеттік тілді дамытудың арғы жағында ел мен жер мәселесі тұрғанына баса назар аударды. «Мемлекет мығым болуы үшін ана тіліміз асқақтауы маңызды. Қазақ тілі қоғамның ынтымақ, бірлігінің уығы, елдің консолидацияның тірегі болуы тиіс. Осы мәселе бойынша шешім қабылдап, қарау нәтижелерін заңда көрсетілген мерзімде хабарлауды сұраймыз», - деді Ерлан Сайыров.

*Qazaquni.kz*



# Қызыл жейделі, ақын Төлеужан Ысмайылов

**Төлеген Айбергенов туралы менен ауық-ауық сұрап, өздерін қызықтыратын түйткілдерге жауап естігісі келетіндер соңғы жылдары бұрынғыдан да көбейе түскендей. Заңды. Ол Төлегеннің қалың қауымға етене жақын боп, біте қайнасуының көрінісі. Төлеген жөнінде аз жазылды, көп жазылды демейміз. Өйткені, көп десе көп, аз десе аз. Бір жолы жарық көрген естелік-дерек, мәліметтерді біреу оқыса, біреу оқымайды, оқыған адамға таныс нәрселер, оқымағанға – бейтаныс. Сондықтан Төлеген хақында есте қалғандарды қапы жібермей қағазға түсіруге тырысамын. Айту өз алдына. Алайда, бұл жолғы аз-кем әңгіме Төлеген емес, қазақтың дара туған ақыны Төлеужан Ысмайылов жайында. Иә, сол, бүгінде аты-жөні сирек аталып, ұмытылып бара жатқан жоқ па деп ойлауға болатындай қайран Төлеужан.**

Бісмілләні Төлеген ақыннан бастау себебім, ол екеуміз бозбала кезде танысқан сәттен бастап қоян-қолтық бірге жүрдік, ыстық-суықтың көбін бастан бірге өткердік, ылғи тату-тәтті жүрдік деу күпірлік болар еді, ол мүмкін емес. Тай-құлындай тебісіп, қатар жүрген соң, ащы да, тұщы да жайлар бастан өтеді. Мен тұрмақ, институтта бір курста оқып, бірге бітірген болашақ жары Үрнисамен де бір-екі жыл аралары суысып, кейін пәк махаббат құдіреті арқасында қайта табысқандарын менен өзге де білетіндер бар. Бұл да таңданатын нәрсе емес.

Ташкенттің Низами атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне мен 1953 жылы, Төлеген 1954 жылы түстік. Біз төрт жылда бітірдік, Төлегендерге оқу мерзімі бір жылға ұзарып, бес жылда тәмамдады. Айырма – екі жыл. Болашақ мамандық тіл-әдебиет болған соң белгілі ақын-жазушылар творчествосынан дәріс жүреді.

Ташкентте жүрсек те, құлақ үнемі Алматыға түрулі. Әсіресе, есімдері жаңа-жаңа белгілі бола бастаған қаламгерлерге ынта мол. Ташкенттік студенттер де құралақан емес, көбі өлең жазады. Ондайлар бізден кейінгі екінші курстың үрпек бастары арасында көбірек боп шықты. Болашақ профессор Айтбай Айғабылов (ҚазМУ-де істеді), Ілияс Айынов, Дарап Дәрменов, Иса Әділовтер өлең оқиды. Бәрінен белсенді – Төлеген. Ол да, басқалар да бір-бірінің дәптер, альбомдарына аяқ астынан үш-төрт шумақты төге салады. Әсіресе, қыздарға. Көктем шыққанда институт алдындағы көгалда бас қосып, кезек-кезек өлең оқиды. Сол кездің көзімен қарағанда, бұл енді аса қызықты шақ, қимас минуттар.

Алматыда тұратын танымал боп қалған жас ақындардың есімдері аталып, өлеңдері оқылады. Баға беріледі. Төлеген Ізтай Мәмбетовтің көп өлеңін жатқа оқиды. Беріліп, еліріп, әсерленіп, құлшына оқиды. Өзгелер ауыздарын аша тыңдайды. Тұманбай Молдағалиев, Шәміл Мұхаметжанов, Сағи Жиенбаевтардың есімі аталады. Тұрсынхан Әбдірахманова төңірегінде талас көп. Біреу әнші, біреу ақын дейді. Әнші деп тұрып алатындарға Тұрсынханның «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» басылымдарында шыққан өлеңдерін көрсеткенде, олар амалсыз тынады.

Төлеген оқитын (бізден кейінгі) курста жастары әлдеқайда үлкен Қазыбай Әзімбаев, Иса Әділов дейтін ересек жігіттер бар. Халық әндерін бабына келтіре шырқайтын Қазыбай өлең жазбаса да, ақын-жазушыларға баға бергенде жаңылмайды, дөп түседі. Иса Әділов те сезгір, алғыр, тәубашыл. Әне, солардың қайсысы екені есте жоқ, бірде екеуінің бірі:

– Қазіргі жас ақындар арасында Төлеужан Ысмайыловтан асатыны жоқ, – деп сол кезде аталмыш ақынның елді елең еткізген әйгілі поэмасын атап, бір-екі қысқа өлеңін оқыды.

Жоғарыда еске салғандай, Алматыда тұратын қаламгерлердің қай-қайсысының аты аталса да, бізге жақсы таныс болатын. Өйткені, институт кітапханасына келіп тұратын қазақша басылымдарды таласа-тармаса оқимыз, іргедегі Келес, Сарыағаш аудандарынан да кітап, газет, журналдар ала келетіндер бар. Біраз басылымды Қазыбай Әзімбаев жалдамалы пәтеріне жаздырып алып, кейде бізге де беріп тұрады.

Осылайша Ташкентте қазақ әдебиетінің аруағы аспандап, жас өскіндерді тәтті сезімге бөлейтін, арманға жетелейтін.

Ал біз сырттай таныс Төлеужан Ысмайыловты шынында да пір тұтып, мірдің оғындай өлеңдерін қолдан-қолға тигізбей оқитынбыз. Ондай алыпты көреміз, тілдесеміз деп ойламаймыз, сырттай табынғанға мәзбіз, қанағат етеміз.

Оның үстіне, 1956 жылы ақпан айында Алматыдан Зейнолла Қабдолов пен Қайнекей Жармағамбетов Ташкентке келіп, біз оқитын институттың акт залында керемет кездесу болды. Төрт-бес сағаттық басқосуда қос қаламгер ташкенттік қазақ жастарының көл-көсір сұрағына байыпты жауап беріп, тектілік көрсетті. Сол кезде Қайнекей Жармағамбетовтің Әміре Қашаубаевтың Парижге барған сапары жайында жазған «Әнші азамат» дейтін кітабы болатын. Сол кітапта Парижде тұрып, такси айдайтын Дәулет дейтін қазақ бар. Әміре екеуі жолығады. Менің «Сол рас па?» дегеніме Қайнекей Жармағамбетов: «Бір қазақты қолдан жасағаным рас» деп жымиды.

Сұрақтар әр алуан, көпшілік жастардың жапатармағай қойған: «Қазіргі жас ақындардың ішіндегі мықтысы кім?!» дегендеріне Қайнекей де, Зейнолла да бірауыздан «Төлеужан Ысмайылов» деп жауап берді.

Төлеужан туралы естелікті Ташкенттен бастауымыздың кейбір себептері осындай.

1957 жылы институтты қызыл дипломмен бітірген мен Ташкентке жақын Пскент ауданындағы қазақ-өзбек аралас орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, 1958 жылы жазғы демалысқа шыққан бойда – сол мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген аяулы ағам Апбаз Қаражігітовпен (белгілі жазушы, Жезқазған қаласында тұрды) бірге Алматыға келдім. Апбаз ағаның таныс-тамыры аз емес екен.

Көпшілігімен танысып, дәм-тұздас болдық. «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Балдырған» секілді басылымда қызмет ететін (маған сырттай таныс) қаламгерлерді кезек-кезек шайға шақырамыз. «Қазақ әдебиеті» газетінде істейтін, университетті Апбазбен бірге бітірген Ізтай Мәмбетов үнемі жанымызда. Жалдамалы пәтеріне қонып та жүрдік.

Әне, сөйтіп, Алматыда көптеген ақын-жазушыны көріп қана қоймай, бетпе-бет жолығып, танысып та алдым. Біз (өзімді айтамын) ойлағандай, олар сонша пан, айбарлы, адуынды емес, керісінше, бір көргеннен іші-бауырыңа кіре сөйлеп, жағдай сұрап, жатсынбастан, тең сөйлесетін қарапайым, кішіпейіл жандар екен.

Дәл бұлай деп өңім түгіл, түсімде ойламайтын мен де оларға үйреніп, өзімді еркін сезініп, төбем көкке жеткендей боп жүрдім.

Апбаздың біз Алматыға келерден бұрын маған құпиялап айтқан бір сөзі болатын: «Газеттерден көріп жүрсің ғой, Алматыда Мұқаметжан Қаратаев деген белгілі сыншы, әдебиетші бар. Ұзақ жыл айдауда болып, жақында оралды. Қазір сонда Көркем әдебиет баспасының директоры. Маған жақын туыс. Алматыға рұқсат бермей, Жамбылда тұрғанда әдейі барып хал-жағдайын сұрағанмын. Сонда ол: «Әлі көресің, бәрі дұрысталады, мен белгілі адам боламын» деп ескерткіш ретінде мына суретін берген», – деп, Мұқаметжанның суретін көрсеткен.

– Бүгін баспаға барып Мұқаметжан Қаратаевпен жолығуым керек. Өзім кіріп шығамын, сен тыста күте тұрасың, – деді Апбаз біз Алматыға келген соң үш-төрт күннен кейін.

Таңертең Пролетар көшесінің бойындағы сырты жұпыны ағаш үйге бардық. Тыста қалып, ішке кіріп кеткен Апбаз «Мұқаң жоқ екен» деп, қайта шықты. Күні бойы болса да күтеміз деді. Саяда күтіп тұрмыз. Сәске ауа лек-лек боп ақын-жазушылар келе бастады. Іштерінде маған таныс Шәміл, Әділғазы, Сағи, Ізтай бар. Ду-ду әңгіме, әзіл-қалжың, қарқ-қарқ күлкі. Әсіресе, қызыл жейделі, қызыл шырайлы, шашы селдір, талдырмаш денелі, арықтау, қыр мұрынды жігіттің өзі де де өзгеше, кесіп сөйлеп, кесіп қайырады. Әлдене дейді де, алдымен қарқылдап күледі. Жұртты үйіріп, аузына қаратады. Тағы да біреулер келіп жатыр. Кейбірі бастарын изеп, ішке өтеді, кейбірі осы топқа қосылады.

– О, Ахат, амансың ба, кел, кел! – деп саңқ етті кенет қызыл жейделі, қызыл шырайлы талдырмаш жігіт.

Қалың шашын жоғары қайырған, толықтау денелі, орта бойлы, жылы жүзді ересектеу жігіт аяқтарын майдалап баса келіп топқа қосылды.

– Анау қызыл жейделі, қызыл шырайлы жігітті көрдің бе, әлі кездескен жоқпыз, ол – Төлеужан Ысмайылов, – деп сыбыр етті Апбаз. – Анау жаңа келген Ахат деген композитор Әбілахат Еспаев. Ел еркелетіп Ахат дейді екен.

Мен тағы да ойран-топыр күй кешейін. Төлеужан Ысмайылов. Сырттай табынатын ақын. Әбілахат Еспаев. Әндеріне құлақ құрышы қанбайтын композитор. Міне, мен кімдермен жолықтым! Төлеужан! Ахат! Әбілахаттың «Маржан қыз», «Жылқышы әні», «Комсомолдар жыры», «Қырманға кел, қалқатай» (сөзі Төлеужандікі) әндерін Ташкенттегі қазақтың бәрі айтады.

Ақын-жазушылардың баспаға келу себебі, іштерінде үш-төрт күннен бері кітабына тиесілі қаламақыларын ала алмай жүргендері бар екен де, қалғандары солардың шашбауын көтерушілер екен. Бұл мекемеге қатысы шамалы Әбілахат Еспаев та сол үшін келіпті. Біреу-міреудің қаламақыдан жолы болса, жабылып жудыратын дәстүр бойынша.

Ізтай Мәмбетов жанымызға келіп: «Кетіп қалмаңдар, қазір мен болайын, басқа болсын, әйтеуір, біреуіміз ақша аламыз. Сонан соң магазинге барып атаймыз», – деді Апбазға.

«Магазині несі» деймін ішімнен. Бір кезде сонадай тұстан бізге қарай маң-маң басып келе жатқан үш-төрт адам көрінді. Ортада – мен де суретінен білетін Мұқаметжан Қаратаев. Үстінде қымбат ақ костюм-шалбар, басы жалаңбас, қап-қара қою бұйра шаштары әсем, жарасты.

Олар баспа алдына жеткенде қимылы ширақ, елгезек Апбаз ұшып барып, алдымен Қаратаевпен, онан соң басқаларымен амандасып жатты. Не сөйлегендерін естігенім жоқ, бірақ Апбазға селт ете қарап, бірден қолтықтаған күйі ішке кіріп бара жатқан Мұқаметжан Қаратаевтың кісілік келбеті күні бүгінге шейін көз алдымда.

Мен әңгіме-дүкеннің отын маздатып, араның ұясындай гуілдескен топ ақынынан сәл жырақтау, өзіммен-өзім тұрмын. Қалай дегенде де, әлі олармен терезем тең еместей сезініп, тартынамын, бата алмаймын. Қайта Шәміл ме, Сағи ма, біреуі атымды атап, «бері жақындасайшы» десе де, қозғала қоймаймын.

Түс болды. Іштен түстікке баратындар асығыс-үсігіс шығып, тұс-тұсқа кетіп жатыр. Әне, Мұқаң – Мұқаметжан Қаратаев та көрінді. Жанында – Апбаз. Ол Қаратаевпен қоштасып, менің жаныма келді.

– Бүгін бос қайтпайтын болдық, аузымыздың салымы бар екен, – деді сәлден кейін Ізтай жүзі жадырап.

Ізтаймен бірге оншақты ақынның ортасына барып топ еттік. Бізді көзіне ілді ме, ілмеді ме, қызыл жейделі, қызыл шырайлы ақын жарқын-жарқын күліп, басқаларды да күлдіріп, аруақтана түседі. Өзгелер де арқа-жарқа. Әбілахат Еспаев қана жақ ашпайды.

Алақандарына «қарға тышқан» екі-үш ақын ұзамай кері шыққан бойда, тағатсызданған шофыр төмен қарай жапырыла қозғалды. Қайда баратындары алдын-ала мәлім болу керек, ешкім қиғаш тартпайды, мен бұрын көрмеген жаңа орта, бейтаныс адамдардың өзара қарым-қатынас, құрмет ізет, тіршілік-тыныстары неткен ғаламат, мұндайды да көретін күн бар екен-ау деп, мақтаныштан жарыла жаздап, көшке ілескен тайлақтай үнсіз келемін.

Дуылдасқан топ межелі жерге де жетті-ау, ақыры соңғы нүкте қазіргі көкбазардан сәл жоғары, Пушкин мен Горький көшелерінің қиылысындағы екі қабат үйдің подвалына орналасқан, тек ішімдік сататын магазин екен. Ізтай

№14 (988) 11.04.2022 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

Мәмбетовтің мана Апбазға «кетіп қалмаңдар, ақша алсақ, магазинге барамыз» деуінің мәнісі сол екен. Демек, енді...

Бәрі жабылып қаламақы алған әріптестерін құттықтайды екен, ішеді екен. Қас қылғанда, сатушы: «Арақ таусылып қалды, вино бар» деді. Байқаймын, бұл сөз көбіне ұнамады, қабақтары түсіп, өкінгеней болды. «Ештеңе етпейді, бәрібір, құр ауыз кетпейміз, арақ болмаса, вино ішеміз», –деді бірі. «Иә, қайта мынадай ыстықта ақтан қызыл дұрыс», – деді тағы біреу. Гүр еткен дауыс шықты: «Вино ішсек көп ішейік!» деп. Тағы қайталады: «Вино ішсек, көбірек ішейік!». Мұны айтқан қызыл жейделі, қызыл шырайлы ақын Төлеужан Ысмайылов еді.

Міне, қайталап айтайын, сырттай табынып, жүздесу арман болған Төлеужанды алғаш рет осылай көрдім. Мені байқады ма, байқамады ма, білмеймін. Әйтеуір, бұл танысу да, білісу де емес-ті. Оның бәрі кейін. Әзірше... Маған кіл майталман ақындардың қараторы, қалыңдау қара қасты, жүріс-тұрысы ширақ, кішіпейіл жігіт ағасымен әмпей-жәмпей сәлемдескен Ізтай мені оған, оны маған таныстырып жатыр. «Шона Смаханұлы», – деп қолын ұсынған жігіт ағасы қас пен көздің арасында: «Ауылда мұғалім боп істедім, творчество үшін Алматыға келдім, өз газетіміз ғой, қазір осында істеп жатырмын, сықақ өлеңің тәуір екен, білетін шығарсың, мен де сықақ өлеңдер жазамын ғой», – деп өзі жайлы біраз деректі ақтарып тастады да, онан соң Ізтайға қарап: «Жүріңдер, бухгалтерияға барайық, келісіп қойдым, 70 сом жазылыпты», – деп, көрші бөлмеге ертіп барды. Паспортымды көрсетіп, бұйырған ақшаны алдым (гонорар дегенің осы екен).

– Жақсы қойыпсыңдар, мынау менің бір айлығыма жетеқабыл ғой, – деді Ізтай жымың етіп.

Бұған дейін айлығым 90 сом дейтінін естіп жүретінмін. Сонда 70 сомның мол ақша екені рас болғаны да.

Ізтай Шонаның кабинетінен



командировкаға барғанда талайларды ықтырғаны, жауапты тапсырманы абыроймен орындағаны аңғарылатын. Ойы жүйрік, қаламы қарымды, майталман ақын екенін өзгелер де айтатын. Төлеужан көбіне-көп Ізтай және Әбілахатпен араласатын.

– Бүгін маған келіп кет, – деді Ізтай ағам бірде.

# ҚЫЗЫЛ ШЫРАЙЛЫ

## ұмытылып бара жатқан жоқ па?

әзіл-қалжың, күлкілі сөздері таңсық, қызық. Олармен қосылып ішпеймін, және маған іш деп те ешкім қолқа салмайды. Апбаздың ептеп ерін тигізегіні болмаса...

Бірер аптадан соң Апбаз Жезқазғанға қайтып кетті. Аэропорттан Ізтай Мәмбетов, Әбжан Құрышжанов (мен де бармын) самолетке шығарып салды. Ізтай аға пәтер тапқанша біздің үйде тұра бер деген-ді. Сол бойынша оның Тастақ жақтағы жалдамалы пәтерінде қонып жүрдім. Таңертең үйден бірге шығып, күні бойы қасынан ұзамаймын. «Жұлдыз» журналының редакторы Жұбан Молдағалиев радиоға орналастырамын деген, бір жағы соны күтіп, әрі өзім де қарап жүрмей, о жер, бұ жерден жұмыс іздеймін. Оқуды Алматыда бітірген Апбаз Жұбан Молдағалиевпен тәп-тәуір таныс екен. Бір жолы Жұбанды ресторанға шақырғанымызда, орынбасары Қуандық Шаңғытбаевты ертіп келді, жаны жайсаң, мінезі ашық Қуандық стол басына отырар-отырмаста Жұбанды нұсқап: «Бұл – сам, мен зам», – деп жұртты ду күлдірді.

Сөйтіп, Ізтай ағаның үйіне бірге барып, бірге қайтып жүрдік. Бір күні: «Құтты болсын, «Қазақстан мұғалімі» газетінің кешегі санына сықақ өлеңің шығыпты. Әлгінде Шонамен сөйлесіп, келісіп қойдым, түстен кейін барып гонорарын аламыз», – десін.

Енді бұл мен үшін мүлде күтпеген жай. Ізағаң берген газетті ашып қарасам, ақиқатында да менің өлеңім. Көзіме оттай басылды. Ташкенттің іргесіндегі мектепте істеп жүргенде Алматыдағы газет-журналдарға «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп, сықақ өлеңдерімді төпелеп жібере беруші едім, солардың бірі. Бірақ Ізағаның «гонорар» дегенін онша ұқпағанмен, шамасы, ақша болар деп жобаладым.

Түс ауа «Қазақстан мұғалімі» газетінің редакциясына бардық. Орта бойлы, мығым денелі, әлдекімге телефон соқты да: «Сонда келе бер, біз қазір барамыз», – деді қысқа қайырып. «Ұрыста тұрыс жоқ» дегендей, кәдімгі күнде барып жүретін «Алматы» ресторанынан бір-ақ шықтық (қазіргі Абылай хан мен Шевченко көшелерінің қиылысындағы өртеніп кеткен ескі ғимарат).

Онда жақындай бергенде алдымыздан жүзі таныс ашаң жігіт сылаң қаға шыға келіп, аңқылдай амандасты.

– Әй, мына жігітті білемін ғой! – деді Ізтайға мені меңзеп. – Қайдан көрдім?

– Көргенсің, білесің, – деді қысқа сөйлейтін Ізтай. – Менің інім болады. Кеше өлеңі шыққан еді, бүгін ақшасын алды, қазір соны атаймыз. Шона ішпейді ғой, сондықтан ерткен жоқпыз.

Бізді күтіп алған, мен таяуда ғана бір топ ақынмен бірге көрген Төлеужан Ысмайылов еді. Сол қалпы, сол көрініс, сол мәнер.

– Төлеужан «Лениншіл жас» газетінде мен сияқты әдеби қызметкер, – деді Ізтай аға сөз арасында.

Бес-алты күннен соң «Лениншіл жас» газетіне мен де қызметке қабылдандым.

– Әй, мен сені білемін ғой, – деп саңқ етті Төлеужан мені көрген бойда. – Бұл жігіт мықты сатирик, сықақ өлеңін көрген шығарсыңдар, – деді айналадағыларға нықтай сөйлеп.

Басқаларды қайдам, Төлеужанның мені бір көтеріп тастағандай болған бұл сөзіне әжептәуір марқайып, арқаланып қалдым.

Сөйтіп, онымен де, басқалармен де бір мекемеде қатар жүріп, қатар тұратын қызметтес, әріптестік дәрежеге жеткендей болдым. Тонның ішкі бауындай араластық демеймін. Бірақ түзу сәлемдесіп, сыйластықта жүрдік. Анда-санда жұртты аузына қаратып сөйлейтін сөздерінен Төлеужанның бұған дейін әлдебір құзырлы мекемеде биік лауазым иесі боп,

– Жұмысты қайтем?

– Жұмыстан сұран.

– Көрейін.

Түс қайта (кеңсе емес) айтқан жеріне жеттім. Айтқан жері – бес-алты түп ағаш өскен оңашалау бұрыш. Осында Төлеужан, Әбілахат үшеуіне іргедегі магазиннен шарап тасып қызмет еттім. Гәп олардың ішіп-жеуінде емес, бұл – өмір. Сондағы үшеуінің бірін-бірі көтермелеп, кимелеп, ақ жарыла айтқан ұлағатты сөздерінің құдіреті, әсері қандай еді десейші! Бәрі есте сақталмаса да, үш достың кездесу сәтіне куә болу не тұрады!

Төлеужан ауық-ауық Семейге кетемін деуші еді. Неге екенін қайдам, қызметте қамшы салдырмайтын Төлеужан ұзақ істемеді. Семейге ме, басқа жаққа ма, әйтеуір, редакциядан кетіп қалды. Өз басым оны қайтып кездестірмедім. Басылымдардан жазған-сызғандарын да көре қоймадық.

Арадан жылдар өткенде қайтыс болған соң шыққан өлеңдер мен естеліктері қоса жарияланған кітабынан кейбір күдік-күмәндер беті ашылғандай болды. Ұзақ ауырған, әркім-біркімге жазған арнау өлеңі, өкпе-наз, мұң-нала. Қысқа ғұмырының соңғы жылдары оңай болмағандай. Туған топырағында мәңгі дамыл тауыпты.

Сол кітабына жазған (рецензия емес) естелік іспетті пікір басылымдардың бірінде жарық көрді. Қайтыс болған соң жарыққа шыққан одан өзге кітабын да, ауыз толтырып айтар басқадай да пәлендей ештеңесі назарға түспеді. Бәлкім, аңғармаған, байқамаған шығармыз.

Бұл жазбада арқалы ақынның творчестволық қызметі, аз болса да саз дерлік туындыларына тоқталған жоқпыз (ол басқалардың еншісіндегі нәрселер). Төлеужан кім, болмыс-бітім, аз-кем қызметтес болған шақтар, кісілік келбет, дос-жарандары хақында шамашарқымызша қалам тербеген жай бар. Оның үстіне, сол кезеңдердегі әдеби орта, тағдыр, жік-жапарлы жай-жапсар, қоғамдық құбылыс, ғұмырлық ұстанымдардан сипай-қамшылап болса да көкейде сақталып, санадан өшпей келе жатқан мәлімет-деректер бере кету де артық болмас деп ойладық. Әлбетте, жеке тұрғыдан.

Иә, ағайын! Төлеужан ұмыт қаларлық тұлға ма еді? Ұмыт қалмаса, олай болмас үшін жүзеге асқан, жалпақ жұртқа мәлім қандай қомақты шара, игілікті істер, кешенді нәтижелер бар? Әркімде де көретін көз, еститін құлақ бар, әйтсе де, жазатайым жаңылып, қиғаштау ғайыптан тайғандай жеріміз болса алдын-ала ғафу өтінуге әзірміз.

Ешкімге салмақ салып отырмағанымызды да қаперге алғайсыз.

**Зәкір АСАБАЕВ,**
**жазушы**

■ ТӘБӘРІК

**Төлеужан ЫСМАЙЫЛОВ**

## ҚОШТАСУ ЖЫРЫ

*Шықтым кеп боз дөң басына*
*Қызығым қалған жасымда,*
*Таныдым тарғыл тасынан*
*Көзімнің тамған жасын да.*

*Іздерім жатыр жосылып,*
*Соқпаққа жаңа қосылып,*
*Белдеу боп дөңге асыла,*
*Жарысып жаяу шашыла,*

*Еңіске қарай асыға,*
*Құлындай құлдыр шағымда,*
*Ілестірмей шаңыма,*
*Келсем де бәйге алдында.*

*Бақ іздеген басыма*
*Осынау дөңнің қасында*
*Шарлай да шарлай сан жерді,*
*Не аңсап келдім, ал енді,*
*Ақ кірген кезде шашыма?..*

*Осы ойдан кенет шошына,*
*Жан бітін дөңнің тасына,*
*Жауардай менің басыма!*
*Монтиған момын боз дөңім,*
*Дауыл ғып бұрқап өз демін*
*Сілкілеп түзді ашына*
*Басар ма екен ашуға.*

*Тіл қаттым жасым сорғалап*
*Балалық шақтың досына:*
*– Кетіп ем сенен, боз дөңім,*
*Шығам деп шыңның басына.*

*Басында мәңгі мұз жатқан*
*Асқардың бардым қасына,*
*Таң қалып қарап мұз жаққа,*
*Өрледім жақпар тасына.*

*Жүзіндей уыз қыздардың,*
*Алмасын алдым нуынан.*
*Өкірген шулап құздардың,*
*Бет жудым тентек суынан.*

*Сәлделі шыңнан ұшқанын*
*Қыранның көрдім қалқыған,*
*Сорғалап келіп дұшпанын*
*Болат тұяқпен тарпыған.*

*Гүлдерін тақтым төсіме,*
*Ұлы таудағы баулардан.*
*Сен түссең, бірақ есіме,*
*Жас шақтың досы – боз дөңім,*
*Жүрегімді жаулаған,*

*Кеудеме толып өз демім,*
*Жаңбырын төкті көздерім,*
*Ит көйлегім іріген,*
*Кіндігім сенде шіріген,*
*Қайран да менің боз дөңім,*
*Отырмын қазір басыңда.*

*Жоламай сенің қасыңа,*
*Шалғайды сан жыл кезгенім,*
*Жарадай батты арыма,*
*Жүрегіме, жаныма,*
*Базарлы бала шағыма,*

*Еңкуге күні ойысқан*
*Егделігіме тағы да,*
*Құлпытас менсіз қойысқан*
*Зираттың сонау маңына,*

*Бетім жоқ оған баруға,*
*Шөп басып жазда, әр уақта.*
*Топырақ болған аруақтар*
*Зәру ме топырақ салуға.*

*Жер-жексен қабір теп-тегіс –*
*уақыт, ажал – өткен іс,*
*Жасамыс жан жұбанбас:*
*Балалық шақ – өткен іс,*
*Жастың шақ – жанып кеткен іс.*

*Карттықты көңіл құп алмас,*
*– Сені ешкім мендей ұға алмас,*
*Ойлашы, – деді, – боз дөңім, –*
*ұланым едің сен менің,*

*Қанша қыс, қанша жаз өтті,*
*Толықсып күтіп көлдерім,*
*Жыл сайын аққу, қаз жетті,*
*Қалайша сен бір келмедің?..*

*Жол тартып менен алыста,*
*Шыққанда шыңға – ғарышқа,*
*Ақ бұлттар жүзіп алдында,*
*Назардан таса қалдым ба?*

*Алқа көл, ақ төс атырап*
*Құс жолындай жарқырап,*
*Жатпады ма жаныңда?*
*Алғанда түнгі ауыл дем,*

*Сол маңды кездің арумен,*
*От ойнап еді жаныңда, –*
*Қалды ма күлі қаныңда?*
*Есіңе бір кез алдың ба?*

*Ұмыттың ба жылдарды,*
*Бақытты және қайғылы,*
*Жетім қыз, жетім ұлдарды,*
*Шошытқан соғыс айбыны?!*

*Асқарлы даңқым таласпан,*
*Аспайды даңқым аулымнан.*
*Үстіңнен талай жол асқан,*
*Пана да тапқан адасқан*
*Мен өскем сенің бауырыңнан...*

## АБЫРАЛЫМЕН АРЫЗДАСУ

*Армысың, туған тауларым,*
*Армысың, асқар биігім.*
*Қашпасын арқар, киігің*
*(Танитын шығар жауларын),*
*Келгем жоқ мен атқалы.*
*Құз-қия қиын қатпарлы.*
*Көруге қайта шатқалды.*

*Жөн сілте, асқар биігім,*
*Қол ұшын жалға, тауларым!*

*Еске сал өткен шақтарды,*
*Іздейін көне сүрлеуді...*
*Табаным тиген жерлерді...*

*Көзімнен жаңбыр жауғанын*
*Сездің бе, туған тауларым,*
*Бауырыңа жетіп лауладым...*
*Қызарып күндей батқалы,*
*Өзіңе келдім жатқалы...*

*1972 ж.*

**27 февраля президент РФ Путин приказал перевести ядерные силы России в особый режим дежурства. Когда один из двоих достает револьвер, то и другой может его достать. Кольт сделал людей равными. Правда, дело до этого не дошло. Президент США Байден отрицательно ответил на вопрос о том, стоит ли американцам опасаться ядерной войны. По его словам, США и Россия уже давно согласились с тем, что ядерная война будет иметь разрушительные последствия для всех. Тем не менее, тема войны стала основной в интервью Садвакасова Накипбека Кенжебаевича, юриста-правоведа, политолога, публициста, автора книг «Этико-правовые нормы и культура поведения», «Намыс пен парыз», «Познение и сознание», «Елестер мен белестер». В свое время он работал в Институте философии и права Академии наук КазССР, Министерстве юстиции КазССР, Верховном Совете РК, руководил юридической службой различных организаций и т.д.**



# СИЛЬНЫМ МИРА СЕГО НЕ ХВАТАЕТ ПРОСТРАНСТВЕННОГО ВООБРАЖЕНИЯ!

### ЧТО УГРОЖАЕТ ЧЕЛОВЕЧЕСТВУ И ЖИЗНИ НА ЗЕМЛЕ?

**– Насколько тема войны, тем более мировой, актуальна в наше время?**

– В последние годы стали говорить о возможности войны, сравнивая ситуацию перед второй мировой войной. Например, 27 января 2021 г. президент Путин В.В. сказал, что сегодняшняя ситуация в мире напоминает ту, что была перед второй мировой войной.

К тому же наше время примечательно появлением не только «биологической войны», но и неприкрытой «холодной войной» между двумя сверхдержавами – США и Китаем, не говоря о санкционной войне Запада и России.

В связи с украинскими событиями над человечеством нависла угроза третьей, может еще и мировой ядерной, войны. Великий Абай писал: «Вредные свойства ума: беспечность, равнодушие, ... тяга к мрачным раздумьям и губительным страстям». Более актуальной, жизненно важной проблемы и придумать-то трудно.

На днях глава Объединенного комитета начальников штабов США Марк Милли заявил, что вероятность крупного конфликта между великими державами возрастает: «Мы вступаем в мир, который становится все более нестабильным, и вероятность крупного международного конфликта между большими державами возрастает, а не уменьшается». Генерал добавил, что с началом российского вторжения в Украину из Москвы стала доноситься очень провокационная риторика относительно уровня боеготовности ядерных сил России.

**– Неужели главы мировых держав не ценят жизнь человечества на планете?**

– Главенствующей задачей настоящей темы является проблема сверхважности сохранения жизни на Земле на основе оценки действительного смысла и значения обыденных земных вещей через вселенскую призму, с привлечением в качестве предмета рассмотрения беспредельно широкую панораму космоса (объекта) и происходящих в нем потрясающих явлений с обязательным включением возможностей пространственного воображения субъекта.

Чтобы явственнее осознать всю важность жизни и проникнуться всей значимостью этого понятия для каждого из нас, обратимся к философскому определению человека и жизни.

Начнем с Софокла: «Много есть чудес на свете, Человек – их



всех чудесней». А вот что говорит Антуан де Сент-Экзюпери: «Хотя человеческой жизни нет цены, мы всегда поступаем так, словно существует нечто еще более ценное». Ценнее, чем жизнь, в нашем мире нет ничего и помине.

Но, что же действительно угрожает человечеству и жизни на Земле?

В первую очередь, самая страшная угроза существованию человечества и всего живого на Земле – угроза ядерной войны («Мы сделали работу за дьявола». Роберт Оппенгеймер, американский физик, «отец атомной бомбы»).

Известно, что запасов ядерных боеголовок достаточно для уничтожения всего живого на Земле в несколько раз. Тут уж никакой Ной не в силах спасти «каждую тварь по паре». Разумеется, не приведи господь.

### ЧЕЛОВЕК СИДИТ НА МАКУШКЕ ЯДЕРНОЙ РАКЕТЫ

**– Если угроза существованию человечества надвигается с устрашающей силой, сможем ли мы предотвратить ее?**

– Конечно, сможем. Альтернативы просто нет. Она бессмысленна по своей сути, но основные рычаги спасения находятся в руках «сильных мира сего». К тому же «сильные мира сего» – главы ядерных держав – неотступно держат пальцы над пусковой кнопкой атомных ракет.

Проблемы разрешимы, если они проникнутся мыслью об особой важности положения вещей на данный момент.

**– Так прежде уясним, что этому может способствовать?**

– Существенной мерой для этого является развитие у каждого землянина пространственного воображения. Трудно представить человеческую жизнь вне окружающего его пространства, среды его обитания. Это аксиома. Ведь многие не заглядывают дальше ограниченного по периметру собственного горизонта. Наука рассматривает термин «пространство» в двух значениях: применительно к реальному пространству, которое нас непосредственно окружает, и пространству абстрактному, которое существует в нашем воображении.

Пространственное воображение, как «вторая реальность», неизменно следует с человеком на протяжении всей его жизни. И оно является важной составной частью его жизни. Человек живет и действует в трехмерном пространстве. Есть видимая и невидимая часть пространства. Видимые – по своей сути относительно очевидны. Часть из них имеем возможность видеть и о них имеем определенное суждение. Но эта упрощенная форма рассуждения.

В деятельности человека пространственное воображение служит различным целям. Пространственное воображение позволяет человеку предварительно обдумывать свои действия, сознательно ставить перед собой цели, мысленно представляя себе результат.

Как сказал Альберт Эйнштейн, «Воображение – это все. Это предварительный показ предстоящих событий в жизни».

На основе пространственного воображения формируется и пространственное мышление. Это особенный вид мыслительной деятельности, которая связана с решением проблем, требующих ориентации в «видимом» и «невидимом» пространстве. Наиболее развитые формы мышления – это мышление образцами, в которых концентрируются наиболее значимые пространственные свойства и отношения.

Сформированные обществом нормы сознания становятся личными представлениями человека о мире, убеждениями для поступков, источниками нравственных предписаний. И соответственно, значимые личные идеи и убеждения, привносимые в копилку общественных ценностей, могут войти в состав общественного сознания, приобретая характер нормы поведения. Т.е., общественное сознание можно формировать на основе высоких нравственных принципов для целей сохранения жизни на Земле, благоприятной для людей окружающей среды, защиты природы для потомков. Ведь по мере роста могущества человечества соответственно растут и задачи, стоящие перед ним.

**– Какова роль пространственного воображения и позитивного сознания в деятельности политиков, обладающих огромной властью?**

– Это не праздный вопрос. Так как от деятельности политиков, «сильных мира сего», во многом зависят жизнь, здоровье и душевный комфорт каждого из нас – землян. Так давайте максимально подключим свое пространственное воображение, чтобы представить наше место во Вселенной и понять исключительную значимость сохранения жизни на Земле.

Благодаря новым техническим достижениям, существенно расширилась область наблюдаемой Вселенной. Уже в начале XX в. ученые пришли к выводу, что звезды группируются в звездные скопления, которые, в свою очередь, образуют галактики. Расстояния между соседними звездами составляют порядка несколько световых лет (световой год – это расстояние, которое свет проходит за один год). Известно, что самая большая скорость в природе – это скорость света. За секунду свет проходит 300 тысяч км.

Т.е., структура Вселенной – это структура, образуемая гигантскими звездными скоплениями – галактиками и их системами на различных пространственных масштабах.

**– Так сколько же звезд в галактике?**

– Суммируя все данные, с небольшими погрешностями 1-цу с 24 нулями. Давайте упростим задачу. Возьмем грубо усредненные цифры. Будем считать, что существуют миллиарды звезд в галактике, а во Вселенной существуют миллиарды галактик. Думается, самое время активно включить пространственное воображение и представить себе реально грандиозное и таинственное величие мира.

**– Существует ли внеземная жизнь?**

– Первый «нацеленный» поиск сигналов в рамках программы SETI (Search for Extraterrestrial Intelligence – Поиск инопланетного разума) не принес никаких результатов. Он был почти ожидаемым. Невольно вспоминаются слова Блеза Паскаля: «Молчание звезд меня пугает».

Все результаты исследований ученых с определенностью свидетельствуют: мы одиноки в громадной Вселенной, которой нет конца и края.

И этот «неутешительный» вывод должен заставить задуматься каждого землянина любой страны, о необходимости трепетно бережного отношения к Земле – матушке нашей, и ко всему живому на ее поверхности.

Психология людей «моя хата с краю» в современном хрупком мире пагубна. Человек уже сидит не на бочке с порохом, а на макушке ядерной ракеты: страшнее ничего не придумать.

### ПОДНЯТЬ СТАТУС И ПРАВА ООН

**– Что можно и нужно делать на мировом уровне для предотвращения «апокалипсиса»?**

– Для предотвращения всевозможных катастроф, особенно ядерных, представляющих угрозу жизни на Земле, следует высоко поднять статус и права ООН в деле спасения человечества от гибели.

ООН следует разработать обязательные для исполнения государствами перечень необходимых срочных мер и краткий минимум знаний по космологии для развития пространственного воображения глав государств и руководителей военных ведомств. Необходимо создать для показа им документальные киноролики о месте Земли в космосе.

На основании этого следует ввести в качестве теста для политика, претендующего на самый высокий пост в государстве, знание основ космологии, философского осмысления величия мира и уникальности, неповторимости жизни на Земле.

**– А для населения какие программы нужны?**

– В учебники школ и вузов необходимо внести программу изучения темы «Мы и Вселенная» по цепочке: пространственное воображение, пространственное сознание и пространственное мышление. На основе этого формируются устойчивое сознание самоценности жизни и мировоззренческое сознание, которое существенно и положительно влияет на цели, которые ставит «усердным взором сердца и ума» (В. Шекспир) перед собой человечество. И все это сформирует у каждого землянина и «сильных мира сего» устойчивое воззрение о самой важной земной задаче – сберечь мир, сохранив жизнь на голубой планете Земля. И тут опять же уместны замечательные слова Экзюпери: «Чтобы быть, нужно сначала принять на себя ответственность».

**– Накипбек Кенжебаевич, большое спасибо за интервью!**



**Дастан ЕЛДЕС**

# СВЯЗЬ С КОРНЯМИ ЧЕРЕЗ РОДНОЙ ЯЗЫК



**Находить связь исторической родиной в современном мире легче, чем, когда бы то ни было. EL.KZ рассказал, как участники онлайн-курса казахского языка, организованного Национальным научно-практическим центром «Тіл Қазына» и Фондом «Отандастар» выбрали не очень легкий, но самый надежный способ.**



*Ибраев Аскар Насырович, 46 лет, Россия, г. Саратов*

— Родом я из Саратовской области. Этнический казах. Родной язык, можно сказать, не знаю. Цель у меня в ближайшее время — переехать в Казахстан, получить гражданство, обустроиться, стать ближе к корням. Я первым среди родственников принял такое решение, и хочу первым его реализовать, чтобы и остальные близкие решились. Онлайн изучаю казахский язык уже второй год. В целом, продвижение и результат есть, понимать стал лучше. Сейчас я больше понимаю речь местных казахов, а вот казахстанских казахов понимать труднее, потому что они говорят быстрее и есть диалекты. В этом году у нас русскоязычный преподаватель, правила объясняет на русском языке — это плюс. Мне хочется познавать язык больше. Есть ощущение, что занятий только по выходным даже маловато. Я бы и среди недели занимался.

Мне не хватает общения с казахоязычными, потому что из моего окружения в Саратове носителей языка практически нет. Сейчас смотрю новости, фильмы на казахском языке. Изучаю родной язык с большим интересом, мне очень нравится. Я даже готов дополнительные языковые программы посещать и уделять обучению максимальное время. Думаю, в Казахстане изучение языка пойдёт быстрее.

— Я Еренжепова Гульнара, родилась в Свердловской области. У меня высшее экономическое и техническое образование. Мои родители казахи, тоже родились в России, в Свердловской области. Их родители, мои аталар-ажелер маленькими детьми со своими родителями в 1933 году оказались в России в годы раскулачивания и голода. Жили они в лесу, имели своё хозяйство, постепенно переселились в деревню, устроились в колхоз, потом получили образование в школах, институтах. Национальные традиции в нашей семье всегда соблюдались и соблюдаются, сохранена национальная кухня, быт. Мы — билингвы. С рождения слышали казахскую речь, песни под домбру, которую своими руками смастерил мой ата. Сейчас мой папа занимается изготовлением домбры. Мы знаем наше древо до седьмого колена. Дома у моих родителей есть книги на казахском языке, они постоянно читают.

Помню из детства, как мои ата и аже исполняли на домбре айтыс. Они сочиняли песни на родном языке. Помню, как все садились по-турецки, и аже разливала кумыс, который сама и делала. Она сушила курт, мы коптили и до сих пор коптим лошадиное мясо.

Мы с моим супругом имеем свой онлайн-бизнес, воспитываем сына Даниала, ему 6 лет. В нашем городе есть сообщество «Свердловская региональная общественная организация «Евразия-Казахстан»». Вице-президент сообщества Аманжолова Галия Бакитовна сообщила, что можно обучаться казахскому языку онлайн. Так мы оказались на курсах. Мы хотим усовершенствовать свои знания, для нас это очень важно.

Раньше мои деды и родители жили в аулах, чаще общались на казахском языке, жили ближе друг к другу. Теперь мы учимся в школах, вузах, социальная жизнь на русском языке, меньше говорим по-казахски, а нам нужна практика. Наши дети — тоже самое. Дома мы с супругом стараемся общаться на казахском. Я хочу, чтобы наш сын знал родной язык, чтобы он был казахом не только по рождению, а чтобы душой связь со своими корнями ощущал. Для этого мы и мои предки сохраняем, соблюдаем и чтим традиции нашего народа.

Когда я прихожу на урок, я попадаю в казахскую среду, это ощущается даже через экран. Мы общаемся, нет никаких сложностей. Я испытываю огромное наслаждение от атмосферы. Это необъяснимо, удивительно, все очень родное, каждый раз хочется продлить удовольствие от общения. Думаю, большая заслуга в этом нашего преподавателя — Асиханым. Она грамотный, очень светлый человек.

— Меня зовут Адамбек Аольбек улы, родился в Тюменской области. Это недалеко от границы с Северным Казахстаном. Сейчас проживаю в Екатеринбурге, занимаюсь предпринимательством, состою в общественной организации «Евразия-Казахстан». Ею руководит Аманжолова Галия Бакитовна. Я считаю, что знание родного языка — это очень важно для человека. Хорошо иметь новые знакомства с казахами, ощущать связь с ними. Самое трудное в языке — это практика, нужно находиться в одной среде, чтобы лучше усваивать. Возраст тут не помеха.



*Супруги Адамбек и Гульнара Ережеповы, Россия, Екатеринбург*

### ПОБОРОТЬ СТРАХ И ЗАГОВОРИТЬ ПО-КАЗАХСКИ

Уникальный проект реализуют Национальный научно — практический центр «Тіл Қазына» имени Ш. Шаяхметова» и «Отандастар коры». Сотни казахов, проживающих за рубежом, получили возможность изучать родной язык бесплатно в онлайн-формате. О том, почему растет популярность казахского языка, мы поговорили с преподавателем Асией Смыковой.



**— Асия Данияровна расскажите, пожалуйста, о себе, как вы начали преподавать казахский язык?**

— Я преподаватель казахского языка, работаю в КГУ «Ресурсный языковой центр при ГУ Управлении по развитию языков Карагандинской области». Во-первых, при поступлении в Университет между английским и казахским языками, приоритетом стал мой родной казахский язык. Во-вторых, с ним не было бы трудностей, в-третьих, очень много желающих из представителей других национальностей хотят изучить казахский язык.

**— Для чего люди изучают казахский язык, что движет ими?**

— Думаю, люди стали дальнозоркими и знанием нескольких языков ты уже никого не удивишь. Даже наоборот, ты удивишь незнанием языка. Сейчас каждый стремиться быть успешным и знание разных языков — показатель личной эффективности. Успех приходит только к людям, занимающимся саморазвитием. Что касается казахского языка, я могу вас уверить, что 90% казахстанцев прекрасно понимают государственный язык, так как живут в этой языковой среде, то есть в Казахстане. Обычно проблемы только с разговорными навыками. Родной язык — это же не только слова, в языке философия народа, мироощущение, мировосприятие. Невозможно познать свой народ и самого себя, не зная родного языка, особенностей его звучания и смыслов. Знание казахского языка помогает понимать и другие тюркские языки. Это же очень здорово.

**— Что самое трудное в изучении казахского языка среди ваших учеников?**

— Самое главное — нужно побороть страх заговорить на казахском языке. Многие из нас боятся ошибиться, это стигматизирует. Я учу не бояться делать ошибки и говорить с ошибками. Невозможно научиться плавать, стоя на берегу. Точно так же и с изучением любого языка. Важно поддержать человека, который изучает казахский язык. Часто мы предлагаем изучать диалоги, чтобы человек мог раскрыть себя, а также послушать собеседника и начинать нужно с лёгких вопросов и ответов. Очень много предлагается наглядных пособий, технологий, карточек, обучающих роликов, онлайн-уроков, дополнительных материалов.

Трудности, конечно, встречаются на разных этапах изучения, преподавания. По личному опыту скажу, что не такие они уж и непреодолимые, потому как у изучающих есть языковая среда, например, в Казахстане. У кого-то есть друг казах, сосед, коллега, у кого-то знакомый в госучреждении или в магазине, аптеке. Везде, куда ни пойди, можно слышать казахскую речь. Нужно подстраиваться под влиянием времени, думаю, никто не хочет оставаться за пределами всего этого. Все хотят быть на одной волне. Это очень важно.

**— Возраст не помеха для изучения языка?**

— Конечно, нет. Есть у нас и школьники, и бабушки, и дедушки разного возраста, которые охотно записываются на курсы языков и каждый обращается со своими проблемами. Бабушки обычно обращаются: «У меня внук учиться в школе. Я хочу ему помочь». Либо студенты при поступлении, школьники, которые тоже хотят владеть казахским языком хотя бы на разговорном уровне. На счёт взрослой категории, у неё лучше получается, чем у молодёжи. Они ведь учатся в традиционном формате: записывают ручкой, переписывают текст — всё остаётся в памяти. Есть у нас ученики, которые живут в других странах. Если кому-то и сложновато учиться, так это им. Приходится больше тренироваться на аудио- и видеоматериалах. Мы очень ценим их упорство и искреннее желание овладеть родным языком. Это бесценно и это стимулирует всех нас. Мы очень поддерживаем их.

**— Что вы предлагаете для улучшения качества обучения казахского языка?**

— Чтобы улучшить преподавание казахского языка, думаю, каждый преподаватель должен совершенствоваться во всём. Сейчас ничто не стоит на месте, каждый раз обновляется и растёт. Так же и мы стараемся придумывать и находить разнообразные методики для изучения и лёгкого усвоения казахского языка.

**Дина ОРАЗ**

**В Северо-Казахстанской области рабочая группа по реабилитации жертв политических репрессий выявила только по району Магжана Жумабаева имена 531 бая, которые подверглись раскулачиванию и конфискации имущества в 20–30-е годы прошлого столетия. Об этом рассказали в Kazpravda.kz.**
**Эта не окончательная цифра. Работа в областном архиве продолжается, в ее начале список пострадавших был значительно короче.**



# КАК РАСКУЛАЧИВАЛИ КАЗАХСКИХ БАЕВ В 20–30-Е ГОДЫ ПРОШЛОГО СТОЛЕТИЯ

Как известно, в 1993 году был подписан Закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий». Но тогда о казахских баях активно не говорили. С того времени в регионе было более 90 человек, которых причислили к этому сословию. Из них реабилитированы лишь двое. Сегодня, изучая документы, архивисты выявили, что таких людей гораздо больше.

– Практически мы заново поднимаем эту тему. О баях ничего не известно. Против этих людей сфабриковано много дел. Только за количество скота могли выслать за пределы региона. В газетах публиковали дела об участии этих видных деятелей в восстании 1921 года. Обвиняли в том, что они выступили против коллективизации. Большинство подверглись конфискации имущества в 1928–1929 годах. А затем этот процесс перешел на 30-е годы, и тогда уже писали в обвинительных актах не «баи», а «кулаки», – говорит директор Северо-Казахстанского государственного архива Сауле Маликова.

Советская власть в 1928 году утвердила конкретный документ, точнее – постановление о конфискации байских хозяйств. Их разделили на три группы. В первую вошли баи, у которых было более 400 голов лошадей и КРС. Во вторую – более 300, в третью – не менее 150 голов. Существовал некий план с указанием количества людей, которых следовало подвергнуть данной процедуре. Для Северо-Казахстанской области, тогда речь шла о Петропавловском уезде, определили 700 человек.

Но чтобы понимать масштаб трагедии, следует разобраться в терминологии. Кто же такие баи на самом деле? Какую роль они играли в казахском обществе того времени?

Сейчас многие ученые говорят о том, что понятия «бай» и «байское хозяйство» неуместны, если говорить о казахах и степной цивилизации. И тому приводят много доказательств. Согласна с ними и Сауле Маликова. Она считает, что эти определения придумали Советы, чтобы подогнать образ жизни кочевников под их понятие о классовом разделении общества.

– Специфика степной цивилизации не совсем вписывалась в классовые рамки эксплуататоров и эксплуатируемых. Поэтому, когда начали проводить политику советизации, придумали баев, – уверена директор областного архива. – Слово «хозяйство» тоже не совсем уместно. В аулах были аксакалы и главы родов, у них было много скота, и были те, кто управлял табунами и отарами. При этом существовало разделение функций, то есть ответственности и труда. Такова наша традиция.

Местный краевед Дастен Баймуканов рассказал, что впервые узнал о трагедии в конце 80-х – начале 90-х годов. В частности, в 1991-м он побывал в Тимирязевском районе, и аксакалы села Жаркын рассказали ему о спецлагере «Байкала» для баев Тонкерейского района и их семей. В те годы тема все еще была запретной, потому было удачей узнать хоть что-то у свидетелей того политического процесса, который обернулся трагедией для народа.

Много позже Дастен Баймуканов познакомился с одним из выживших – Жагыпаром Байкуанышевым. Он был сыном человека, которого советская власть посчитала крупным баем. В лагерь отправили всю семью.

– Он вспоминал, что в лагере их не кормили. Детей отпускали только в соседние аулы на поиски пищи. Существовало негласное указание, чтобы до высылки выжили как можно меньше людей, – рассказывает историю жизни Жагыпара краевед. – Привозили еду либо родственники и знакомые, либо попрошайничали.

Перед наступлением зимы сородичи пригнали скот, но комендант приказал расстрелять лошадей. Под покровом ночи на свой страх и риск взрослые заключенные пробирались к месту, где лежал умерщвленный скот, и отрезали куски мяса. Этим питались. Тех, кто умирал зимой, не могли похоронить по обычаям: земля промерзшая, а сил копать глубоко ни у кого не было.

Подтверждение этим словам нашли и архивисты. Сауле Маликова объясняет, как был устроен быт во временном лагере. Там построили казармы, огороженные колючей проволокой. Люди содержались в ужасных условиях, и их не кормили. Многие, естественно, не выживали.



– То, что детей отпускали в соседние аулы, чтобы собирать еду для взрослых – стало некоей поблажкой. Но тогда было уже сложно с пропитанием, начинается голод в степи. Искусственное объединение страны и переход казахов к оседлой жизни без создания для этого условий привело к трагедии, когда падеж составил 45 миллионов голов и через три года остается только одна десятая часть, то есть 4 миллиона голов, – озвучивает пугающие цифры Сауле Маликова. – От голода 30-х, как мы знаем, погибли 1,5 миллиона человек. А до этого был голод 20-х годов, к которому привела политика военного коммунизма.

В годы независимости в аул Жаркын вернулись потомки сбежавшего бая Жакыпа – сына известного в тех краях бая Кошке, которому и принадлежал аул. Он торговал не только на ярмарках в казахской степи, но и выезжал в российские города Троицк, Шадринск, Екатеринбург. Ему принадлежали десятки магазинов, много скота.



О судьбе рода рассказал правнук Кошке.

– Моего деда приговорили к расстрелу. Ему как-то удалось прослышать об этом, и он сбежал на территорию Курганской области. Его семье сделать это не удалось. Их схватили, отправили в лагерь «Байкала», а после сослали в Актюбинскую область. Жакыпу удалось каким-то чудом выкупить жену и детей, заплатив много золота. Уехали на Урал, пришлось много скитаться. И если отец и дед боялись рассказывать историю семьи, то бабушка говорила нам открыто. Так и узнали, кто мы и откуда, – делится Амантай Мухамеджанов.

Сейчас в Казахстане живут 5 семей – потомков Кошке, а в России – 12. Они мало знают о своем прадеде, но в народной памяти сохранилась благодарность к родоначальнику, который поддерживал своих близких. Местные жители говорят, что он был справедливым и никого не обижал. Возможно, поэтому они помогли спасти его детей.

Сауле Маликова считает, что тогда Казахстан стал пилотным проектом, который после распространился на всю советскую страну.

– Можно сказать, что Советы сначала здесь применили систему конфискации имущества, а затем уже для всей страны. В 1926 году, когда проводилась перепись населения, собирались характеристики на каждую семью, аул: какое количество скота, состав семьи. Далее следовало определение – середняк, бедняк или крупный бай. И это стало началом конфискации, – говорит директор архива. – Затем была директива из центральных органов ОГПУ, по этой таблице спускали план в Казахстан, в округа. В таблицу вносили имена крупных баев. Изначально в Петропавловском округе их было 34, потом 37, а поднимая документы, мы видим, что там более 90 человек. В настоящее время по СКО только в районе Магжана Жумабаева мы определили имена 531 человека, которые были раскулачены.

Архивные документы также показали, что в 1947, 1953 и 1958 годах составлялись карточки на баев, которые подверглись конфискации имущества и раскулачиванию. Они находились в открытом доступе, но не были востребованы, их просто не исследовали.

Сейчас архивисты, ученые и краеведы могут восстановить имена пострадавших. Взять, к примеру, карточку Садвакаса Альтиева. Указано место рождения – аул № 2 Тонкерейского района. Есть информация, что в сентябре 1928 года он подвергся конфискации имущества и выселению из родных мест. Альтиев имел 437 голов, причем расписано, сколько лошадей, овец, коз. Есть пометка, что пострадала и его семья. Данные подробные. И таких карточек много.

– Известно, что когда уполномоченные приезжали в аул, так называемые бедняки выступали в защиту своих баев. Говорили: он уважаемый человек, заботится о сородичах. И с этими людьми проводилась отдельная пропагандистская работа. Мы видим, что простой народ в большинстве своем был против политики конфискации. И по газетным материалам можно проследить, как этот процесс происходил. Сразу вывезти всех не могли, потому создавали временные спецлагеря в районах, – отмечает Сауле Маликова.

Один из них был близ села Жаркын, ныне в Тимирязевском районе. А в селе Александровка в районе Магжана Жумабаева был организован лагерь для кулаков, то есть зажиточных крестьян. По нему в районном архиве сохранилось много документов. Гораздо больше, чем о лагере «Байкала». Даже можно встретить письменные жалобы на условия содержания. И против каждой фамилии обратившегося за помощью к властям – пометка «Отказать».

Сегодня еще многое предстоит узнать о тех событиях, о судьбах людей, которые пострадали в результате жестокой политики Советов. Большой объем документов в районных архивах не изучен, и специалисты получают много уникальных данных.

– Мы собираем материалы в единый фонд репрессированных. Это удобно для исследования, – рассказывает Сауле Маликова. – Интерес представляют и документы, которые хранятся в департаменте полиции. Многие бежали, а кто-то организовывал группы ополчения против коллективизации, советской власти. Их называли бандами. Сейчас известно об 11 таких формированиях, они действовали на территории СКО, Карагандинской области, части Омской. Всех, конечно, арестовали.

Зачинщиков – 9 человек – расстреляли. Это мы знаем из документов департамента полиции СКО. Есть документы у прокуратуры, которые свидетельствуют о существовании групп сопротивления, которые не выполняли план хлебо- и мясозаготовок. И тогда применяли весьма суровый закон, который называли «закон о трех колосках» 1932 года...

Такая кропотливая работа позволит разобраться в документах и больше узнать о том трагическом периоде в истории страны.

**Алия ИКАМБАЕВА**

**Со стороны казахстанских бизнесменов все чаще раздаются голоса о необходимости выхода из ЕАЭС и ТС: ничего кроме убытков, а сейчас еще и нанесения непоправимого урона репутации стран, эти интеграционные союзы Казахстану не дают. Тем не менее, экономист Толеутай Рахимбеков считает, что в угоду сложившейся военно-политической ситуации торопиться немедленно выйти из ЕАЭС и ТС нельзя. Политические проблемы, по его словам, через год могут разрешиться, а вот экономические союзы налаживаются годами и даже десятилетиями. Об этом рассказывается в материале Exclusive.kz.**




# НАДО ИЗБАВИТЬСЯ ОТ РАБОЛЕПИЯ ПЕРЕД РОССИЕЙ



### ИЗ «ШИНЕЛИ» СОВЕТСКОГО СОЮЗА

– В мире существует множество интеграционных союзов. Евросоюзу 1 января 2023 года исполняется 65 лет. Договор был подписан в 1957 году в Риме, действовать он начал с 1 января 1958 года. Страны-участники поэтапно шли к тому, что сегодня называют единым государством, хотя юридически в его состав входит множество государств с совершенно разными общественно-политическими устройствами – и королевства, и федеральные государства, и унитарные республики.

**– Для чего вообще создаются такие союзы?**

– В условиях рынка многие вопросы решаются через повышение конкурентоспособности продукции, и цель любого интеграционного союза – повысить ее с помощью двух ингредиентов – качества и цены. Но если мы, допустим, присоединимся к Европейскому Союзу, смогут ли наши казахстанские предприятия конкурировать с продукцией других европейских стран? Ведь мы на многие десятилетия отстали от них, тогда как с Россией, Белоруссией, Арменией и Кыргызстаном находимся на одном технологическом уровне. Не будем забывать, что все мы вышли «из шинели Советского Союза» и все еще далеко не ушли от нее. Кроме приблизительно одинакового уровня технологического уклада, у нас и уровень подготовки кадров такой же.

Вторая сторона конкурентоспособности – цена, которую потребитель готов заплатить за ту или иную продукцию. За счет снятия всяких барьеров (таможенных и налоговых) в торговле между странами-участниками цена снижается, а конкурентоспособность продукции повышается. Поэтому любой интеграционный союз – это благо для предпринимателей. И, если взвесить все плюсы и минусы Таможенного Союза и ЕАЭС, то, думаю, что плюсов наберется намного больше.

Европейский Союз тоже начинался именно с таких прямых, но общих принципов торговли. Первый этап – создание единого рынка конкурентоспособных товаров, работ и услуг. Второй – формирование общего рынок капиталов, а затем и трудовых ресурсов. Создание Болонской системы (официально – 1999 г.) по подготовке научных кадров и вообще кадров с высшим образованием предполагало движение кадровых ресурсов без ограничений внутри Евросоюза.

**– Но в Казахстане ее не ругает только ленивый.**

– Болонская система, что там говорить, – великолепна, и то, что наши специалисты получили возможность трудоустраиваться в Европе, – это, конечно же, хорошо. Но много ли у нас таких? Может быть, в год несколько сот или даже десятков человек, зато страдает гораздо больше! Дело в том, что мы захотели присоединиться к ней, не имея соответствующей подготовки. Поэтому я и говорю, что надо было десять раз подумать, прежде чем идти на этот шаг. Почему? А это уже тема для отдельного и очень серьезного интервью. Также получилось и с такой неумной, даже безумной идеей – трехъязычием: обязательное преподавание на английском языке биологии, химии, физики, включая сельские школы. Эта меры предпринималась с той же самой целью – свободного перемещения кадров. Но, как говорится, благими намерениями вымощена дорога в ад. Я в 2017 году писал, что вначале нужно подготовить преподавателей английского языка, свободно владеющих языком. Если их в школах нет, то о каких биологах, преподающих профильный предмет «на языке» можно говорить? Бред какой-то...

### РАБОЛЕПИЕ ПЕРЕД ПАРТНЕРОМ

**– Вернемся в ЕАЭС и ТС. Почему Казахстан все время проигрывает в этих союзах?**

– Представим ситуацию. На дворе апрель, однако температура минусовая, и люди, не предусмотревшие эту ситуацию, мерзнут в тонких плащиках. Кто виноват в этом? Погода или сам человек? Примерно такая же ситуация и здесь. Я имею в виду, что Казахстан сам виноват в том, что проигрывает в ЕАЭС. Каждая страна, а если конкретизировать, каждый наш чиновник, представляющий Казахстан в этих союзах, должен уметь отстаивать интересы своего государства.

То есть в данном случае идет речь о качестве нашего чиновничества. Первые два десятилетия независимости у нас главенствовал принцип – сначала экономика, потом политика. И это имело обоснование – в отличие от многих республик бывшего СССР, где полыхали войны, Казахстан был островком стабильности и экономического процветания. До определенного момента это являлось нашим плюсом, а потом стало тормозом. Принцип отрицательной селекции поднял, к сожалению, на верхи властной пирамиды пусть и преданных, но слабых менеджеров, тогда как в условиях рынка самой ходовой является пословица – ничего личного, это только бизнес. Казахстанские чиновники, работающие в Москве в интеграционных органах – в Евразийской экономической комиссии, Таможенном союзе и департаментах, которые мы называем едиными министерствами для пяти стран, должны быть более боевитыми и настырными в отстаивании интересов Казахстана. Но, увы, этого как-то не наблюдается. Хотя, с другой стороны, они же не будут делать это на пустом месте – их должны подпитывать необходимыми аргументами чиновники наших внутренних министерств.

Но, видимо, это не входит в сферу их приоритетов и, даже если они дают такую информацию, то по остаточному принципу. Внутри страны такой подход к любому серьезному делу получил распространение в начале 2000 годов. «Любимыми» письмами чиновников были с пометкой БЗП – без замечаний и предложений (лишь бы закрыть контрольный документ и отвязаться). А ведь за каждым таким письмом стоит защита интересов отечественного товаропроизводителя, но это не входит в критерии оценки эффективности наших чиновников.

Но еще более глубокая проблема в некоем психологическом раболепии перед Россией. Хотя во многие госорганы за 30 последних лет пришло уже новое поколение чиновников, которые даже не знают, что такое Советский Союз, в них до сих пор сидит некий комплекс перед Москвой, как перед центром метрополии. Работая в минсельхозе, я всегда говорил своим подчиненным: российские чиновники такие же, как все, – со своими плюсами и минусами, сверхъестественно умным никто из них не родился. Для того, чтобы быть на равных с ними и уметь защищать интересы своей страны, нужно досконально знание того вопросе, который тебе поручен. Но, к сожалению, у наших чиновников нет здоровых амбиций. Они буквально отсиживают свое рабочее время по принципу: «над нами не капает, а инициатива наказуема».

Но любой процесс – это ежедневные усилия. Ведь в том же Евросоюзе тоже далеко не все безоблачно. Приведу пример из близкой мне сельскохозяйственной темы. Многие все еще помнят, что в социалистические времена в таких странах как Венгрия. Болгария и Польша было хорошо сильно развито сельское хозяйство, а именно – переработка. Но где сейчас знаменитый венгерский горошек, болгарские лечо, джемы и корнишоны? Их нет! То, что они исчезли – это последствия вхождения страны в Евросоюз. На рынке осталась только Польша, которая выторговала себе более выгодные условия. Она, в отличие от партнеров, получила очень неплохие субсидии. И я их за это не осуждаю. Наоборот – молодцы! Благодаря этим субсидиям, мы сегодня едим польские яблоки по той же цене, что и местные. Во времена Первой мировой войны поляки, воевавшие на стороне Германии и Австро-Венгрии, оказавшись в плену, попали на окраину Российской империи – в город Верный. Возвращаясь в 1918 году домой, они захватили саженцы алматинских яблок, и теперь эта страна входит в первую тройку мировых экспортеров яблок.

Есть ли для нас свет в конце туннеля? Думаю, что да. Начиная с 2019 года, в стране началось активное политическое реформирование. Послание президента Токаева в марте подтвердило этот тренд. Больше полномочий дается, например, мажилису, изменился порядок формирования депутатского корпуса. Я надеюсь, что отныне в парламент будут приходить не безликие, бесфамильные представители партии, а конкретные люди, которые будут отвечать перед своими избирателями, задавать неудобные вопросы чиновникам, например, о том, каковые реальные последствия вхождения Казахстана в ЕАЭС и ТС.



*Мерей СУГИРБАЕВА*

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# Біздің заманымыздың БАТЫРЫ

*«Батыр ақын болмаса,*
*Батырлыққа мін емес.*
*Ақын батыр болмаса,*
*Көрген күні күн емес!»*
*Өмірзақ ҚОЖАМҰРАТОВ*

Заман деген шартты ұғымға қанша жыл кіреді десек, қазақы танымдағы «отау иесі» болуға жарайтын он бес жастан былайғы екі ұрпақтың жасы, яғни, БҰҰ-ның «ұрпақ жасы – 28,5 жыл» деген ресми анықтамасына сәйкес 57 жыл кіреді. Осы тұрғыдан қарағанда мен біздің заманымыздың батыры деп Төлеубек Қарамендітегін айтар едім.

Иә, Төкең үлкен лауазымның иесі болған жоқ. Бірақ, адалдық жолынан тайған да жоқ. Қазақ политехникалық институтының Сәулет факультетінің алғашқы түлегі болған ол, институтты қызыл дипломмен бітірген соң, ұстаздарының үмітін ақтап, Мәскеуде аспирантураны да үздік аяқтады, 25 жасында сәулет ғылымының кандидаты болып оралды. 35 жыл жоғары оқу орындарында доцент, кафедра меңгерушісі, профессор, проректор болып жұмыс істеді. Төкеңнің білімі, білігі, ізденімпаздығы мансаптың талай биігіне алып шығуға артығымен жетер еді... Жеткізбеген бір-ақ нәрсе – барлық мәселеде алдыңғы орынға ұлттық мүдденi қоюы болды. Мысалы, Целиноградта 1979 жылы одақтық биліктің қазақ халқының сыртынан республикамыз аумағында Неміс автономиялық облысын ашу туралы қабылдаған өктем шешімі жастардың наразылығын туғызып, қаланың көшелеріне, алаңға шеруге алып шыққаны белгілі. Бұл – қылышынан қаны тамып тұрған кеңестік империя үшін құлақ естіп, көз көрмеген сұмдық, шектен шыққан басбұзарлық еді. Жастардың өз талабынан сабырлы түрде, асқан табандылықпен қайтпай тұрып алғанында жас ұстаз Төлеубектің де елеулі еңбегі болды. Ол онымен де шектелген жоқ, қазақ жастарын қорлаған институт ректорын орнынан кетіруге барынша атсалысты, тіпті сол үшін докторлық диссертациясын құрбандыққа шалуға дейін барды...

Жалпы, әділеттілікті жек көретін жер бетінде бір адам жоқ, оны бәріміз жақсы көреміз. Бірақ, сол ұғымның өзін әрқайсымыз әртүрлі түсінеміз. Мысалы, 1986 жылы желтоқсанда Кеңес Одағында билікке келген басшылардың «қайта құру» туралы, «бетбұрыс» пен «жариялылық» туралы әдемі сөздеріне құлай сенген қазақ жастары әділдік іздеп Алматыдағы бас алаңға барғанда, мәселе тасталған ұранға мүлдем қарама-қарсы бағытта шешілді - алаңның аппақ қары жазықсыз жастардың алқызыл қанына боялды. Ең жаманы – нағыз қуғын-сүргін оларды алаңнан қуып шыққаннан кейін басталды. Араша түспек болған ұстаздардың өздері жағымпаздардың жаласына тап болды.

Солардың бірі Әркен Уақ болатын. Міне, сол кезде Төлеубек Қарамендітегі бір минут та ойланып жатпастан оған көмекке ұмтылды. Бұрын бабаларымыз нағыз батыр деп, жолдасын жауда қалдырмағандарды айтады екен. Өйткені, қанды қасап шайқастан әрең аман шыққанда досының дұшпан қолында қалып бара жатқанын көріп, қан майданға қайта бұрылып кіруге батырмын дегендердің де бәрінің бірдей жүрегі дауалай бермеген. Данышпан Абайдың да:

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.
«Мұнан менің қай жерім аяулы?!» деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда? – деп,

ерлердің осы қасиетін ерекше бөліп жырлауы бекер болмаса керек.

Біздің Төкеңді «батыр» деп атауымыздың да сыры осында жатыр. Және өлімге адамның еті үйреніп кететін, жаппай батырлық көрсету күнделікті көп тірліктің біріне болып қалатын соғыста ерлік көрсетуден бейбіт заманда басынды бәйгеге тіге білудің айырмашылығы жер мен көктей екенін соғыс ардагерлерінің бәрі айтады. Тіпті сол соғыстан Батыр деген атақты ресми түрде иеленіп, кеудесіне Алтын Жұлдызды тағып қайтқан ерлер де жалақорлар мен бәлеқорлармен, мансапқорлар мен жемқорлармен болған шайқастарда сан рет жеңіліс тапқандары да өмірдің ащы шындығы. Бұндай күреске ердің ері, еменнің шоры ғана шыдайды...

Ал, батырлық қайдан туады, оның негізі қайда деген сұраққа келсек, жаны, болмысы таза, топырағы таза жерден жаратылған адам ғана батыр болатынын көреміз. Қазақтың басына түскен аса қиын-қыстау кезеңде елдің ел болып қалуында атқарған еңбегі ерен әйгілі үш бидің бірі – Әйтеке бабамыздан мынадай асыл өсиет жеткен бізге: «Мемлекетті бай адам басқармауы тиіс, мемлекетті би адам да



басқармауы тиіс, мемлекетті тек батыр адам басқаруы тиіс!»

Бұл не деген сөз? Бүгінгі тілмен тәпсірлесек, бұл елді экономист басқармауы тиіс, өйткені ол алдымен экономиканың қамын ойлайды; елді философ, жазушы секілді гуманитар адам да басқармауы тиіс, өйткені ол алдымен елдің қамын ойлайды – «мен Тәуелсіздік керек екен деп қазақтан саны он есе көп Ресеймен қалай соғысамын, халқымды бекерге қырып аламын ғой» дейді; елді тек жүрегі, болмысы батыр адам басқаруы тиіс - себебі ол ең алдымен экономиканың да, елдің де қамын ойламайды, ол ең алдымен істің қамын ойлайды! Ісі ақ па, мысалы, Тәуелсіздік керек пе, керек болса онда ол тек Ресеймен ғана емес, халқының саны қазақтан жүз есе көп Қытаймен де соғысады, және ісі ақ болғаны себепті түптің түбінде жеңіп шығады, өйткені «аққа – Құдай жақ», оған Құдайдың– Хақтың өзі көмектеседі! Ал, Құдайға қарсы Ресейің де, Қытайың да ешнәрсе істей алмайды! Сөзіміздің дәлеліне тарихтан сандаған мысал келтіруге болады, біз кешегі бір миллион ғана халқы бар Шешенстан мен бүгінгі Украинаның мысалымен ғана шектелеміз.

«Шешенстан жеңілді ғой» деп шолақ ойлайтындарға айтарымыз, шешендер жеңілген жоқ – Шәміл имамның үлгісімен уақытша ғана кейін шегінді, себебі бүгінгі Ресей армиясы олармен соғысудың орнына патшалық Ресейдің генералы Ермолов секілді халықты жаппай қыра бастады. Ерте ме, кеш пе, Ресей Федерациясының ыдыруы қалай басталады (мүмкін, жақын арада басталып кетуі де мүмкін), солай шешен халқы азаттық үшін атойлап шыға келеді!..

Төкең де сонау жетпісінші жылдарда ұлт үшін өзінің шама-шарқынша бастаған күресін бір сәтке де тоқтатқан жоқ. Бұл жолда ол білімі мен білігіне қоса, публицистик қабілетін де үзбей қолданып келеді. Тарихты да, философияны да терең білетін ол, күні біткен империяны ұстап қаламыз дегеннің бос әурешілік іс екенін, одан түк шықпайтынын айтып, 1991жылы «Референдум кімге керек?» деп мақала жазды. Айтқаны айнымай келді – көктемде «кеңес халқының 75 пайызы Одақта өмір сүргісі келеді» деп, алақайлап ақпарат берген биліктің өтірігі қыс түспей жатып ашылып қалды – Одақтың шаңырағы күйреп ортасына түсті...

Қазақ ежелден ақын-жырауларды халық қамқоры деп білген халық. «Алла-Тағала ақынның аузымен ақиқатты айтады» деп сенген. Махамбеттермен бірге жыраулар заманы да өтті. Бүгінгі заманда олардың орнын саясаткерлер басуға тырысуда. Бірақ, олардың бәрі бірдей, Уинстон Черчилль дәл айтқандай, «халықтың қамын ойлайтын қайраткерлер қатарына» жете алмай, «сайлаудың мүддесін ғана ойлайтын саясаткерлер» қатарында қалып қоюда. Неге жете алмайды? Себебі, батыр емес. Батыр болмайтын себебі – таза емес. Қолы да, жаны да. Сонау сексенінші жылдардың аяғында өмірге келген «Азат» азаматтық қозғалысының басшыларының бүгінге жеткендерінің арасынан атына титтей де кір келтірмеген Төкеңдей адам жоқ. Ел көп үміт артқан Дос Көшімнің өзі премьер-министр санатындағы алғашқы баспасөз мәслихатында «я против повсеместного применения казахского языка» деп мәлімдеген, «оңтайландыру» деген желеумен қазақтың ауылы мен рухани дүниесін қиратуға қолынан келгеннің бәрін істеген Қажыгелдинмен бірлесіп жұмыс істеуге тырысып бір қателессе, адамзатта теңдесі жоқ алаяқ Ә.Қосановты қолдап, екінші рет қателесті.

«Қазақстанның Президенті қандай адам болу керек?» деген сұраққа Төкең «Малайзияның премьер-министрі Мохатхир Мохаммедтей болуы керек!» деп қысқа да нұсқа жауап берген-тұғын. Шынында да, жоқтан бар жасаған, кедей елді байытқан, іс жүзінде қытай мен үндістің қызметшісі болып жүрген малай халқын елінің қожайыны еткен оны қалай мақтасаң да жарасады!

Біз де Төкеңді қалай дәріптесек те көптік етпейді. Ұлағатты ұстаз ретінде де. Жаңалыққа жаны құмар ғалым ретінде де. Қаламы қарымды публицист ретінде де. Соның өзі аздық етеді. Себебі, Төкең – нағыз сегіз қырлы, бір сырлы әмбебап азамат. Ол – әнші. Жиын-тойдың гүлі. Өзгенің жұмысына өз ісіндей жаны ашып, белсене кірісіп кететін ерекше жан. Қазір бұндай таза қазақи қасиетке ие адамдар мүлде азайып кетті.

Мен Төкең жасындағы ағаларымды «жетпістегі жігіттер» деймін. Бұрын да айтқанмын, тағы да айтамын, айта бергім келеді. Себебі олардың жүрегі жас, жаны жалынды. Күш-қуаты бойында.

Сіз жыңғылдың гүлдегенін көріп пе едіңіз? Жоқ? О, онда сіз, Санжар Керімбай бауырым секілді сәл өсіріп айтар болсақ, өміріңіздің жартысын босқа өткізгенсіз. (Көктем келді, жыңғыл гүлдеп жатыр, тезірек көруге асығыңыз...) Жыңғылдың гүлі бір түсті емес – сан-алуан! Төкеңді көргенде менің көз алдыма сол Сырдың сұлу жыңғылы келеді. Әрі түп-түзу, тіп-тіке өседі.

Сол Төкең сол сұлу күйінде сексенге толып отыр. Мен бүгін ол кісіні шөлдің сексеуіліне де ұқсатамын. Неге? Сексеуіл балта өтпейтін өте берік, өте қатты ағаш. Қызуы да сондай. Оның қызуының күші көмірден жоғары. Бұрын бабаларымыз сексеуілді өртеп, одан көмір алатын болған.

Төкеңнің де еліне берер жылуы әлі өте мол. Халқының қазыналы қартының бірі. Жүз жасаңыз, аға!

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**

■ BILIM



# ТЕРЕҢ БІЛІМ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ НАҚТЫ ТІРЕГІ

**Қазіргі таңда дамудың басты тетігі ретінде – заманауи әрі сапаға негізделген білім беру жүйесі анықталады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Терең білім – тәуелсіздігіміздің нақты тірегі, ақыл – ой – азаматтығымыздың белгісі» деп өз тұжырымында атап көрсеткендей, білім саласының ісінің дамуына мән беру керектігін көрсетеді.**

Әрбір елдің өркендеуі, дамуы және тәуелсіздік тұғырының биік болуы қасиеттері саналы ұрпақтың сапалы білім деңгейінің өсуімен анықталатындығын көрсетеді. Қазіргі таңда тек қана сапалы білім алып қоймай, оны әлемдік өзгерістерге сай қолдану үшін бәсекеге қабілетті болудың маңыздылығы да жоғары. Сапалы білім, бәсекеге қабілетті тұлға, заманауи білім саласының даму тенденциялары деген ұғымды ойымызға алған сәттен, көз алдымызға талай түлектердің ордасына айналған қара шаңырақ ҚазҰУ-дің елестері анық. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары ішінен суырылып алға шыққан, әлемнің дамыған университеттері қатарынан алдыңғы орынды иеленетін ҚазҰУ талай жанның бақ жұлдызын жандырған киелі шаңырақ екендігі белгілі. Қазақ Ұлттық университетінің экскректоры Ғ.М.Мұтанов: «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – өзіндік ішкі салт-дәстүрлерге бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарды орындауда тәжірибесі мол, еліміздің даму болашағы үшін маңыздылыққа ие бірден-бір жоғары оқу орны» деп көрсеткен болатын. Жастық пен шабыттың, білім мен өнердің бастауы болған қарашаңырақтың өз студенттеріне берері таусылған емес. Әр жылғы университет қабырғасында орын алып жатқан түрлі өзгерістер біздің білім саласындағы дамуымыз үшін өте маңызды. Қазіргі таңда университет құрамында 14 факультет, 98 кафедра және 20 ғылыми – зерттеу институттары мен орталықтары бар. Университет қабырғасында ақыл, парасаты мен білім-білігі жарасқан ұстаздар өз студенттеріне тек білім беріп қоймай, олардың даму үшін түрлі іс – шараларға қатысуға мүмкіндік беріп отырады. Қарашаңырақ ҚазҰУ-нің құрамында өзінің жоғары жетістіктерімен бірден көзге түсетін факультеттердің бірі ретінде «Экономика және бизнес жоғары мектебі» анықталады. Аталған факультеттің құрамында білім мен ғылымға деген құштарлығы мол, сапалы білім мен рухани даму қасиеттерін бойға жинауға көмектесетін ұлағатты ұстаздар қызмет етеді. Факультет ұстаздары өз студенттері бойына заманауи сапалы білім мен көшбасшылық қасиеттерді сіңіру мақсатында түрлі тренингтер мен семинарларды өткізеді. Бұл студенттің университет қабырғасында жүріп, дамуына, рухани тұрғыда өсіп – толысуына үлкен мүмкіндік береді. Әр талапты, таланты және білімді жастар – ҚазҰУ сынды жоғары оқу орнында білім алғанын мақтан етеді.

**Қырықбай НҮСІПЖАН**
**ҚазҰУ-дің Экономика мамандығының 4-курс студенті**




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Бірде қазақ жігіті Францияға бармақшы болады. Бірақ ол француз тілін білмейді екен. Содан досына келіп ақыл сұрайды. Сонда досы:*
*— Оның несі қиын, сөздің басына «ф» әрпін қойып сөйлей бер! — дейді.*
*Бірер айдан соң әлгі жігіт Франция ұшағынан түсіп жатыр дейді. Содан Париждің көшелерінде ал келіп адасады. Амал жоқ, алғаш кезіккен жігіттен қинала-қинала жөн сұрауына тура келеді:*
*— Фауырым, фұл фай фөше? — деген екен абдырап. Сөйтсе, әлгі жігіт:*
*— Фратан, фөзім де філмеймін! — деп жауап қайтарған екен.*

***

*— Ескі пальтомның түймелері үзіліп бітті. Киюге ұят өзі!*
*— Ештеңе жоқ, ертең сатып әперем.*
*— Пальто ма?*
*— Жоқ, түйме әперем.*

***

*Екі жігіт әңгімесінен:*
*— Білесің бе, ер жігіттің бірінші — ұлы болу керек, екіншіден — үй салу керек, үшіншіден — ағаш отырғызу керек. Сен болсаң, әлі жүрсің.*
*— Жоғары жақтан көмек болмай тұр.*
*— Қалайша, қазір Үкімет балалы болғандарға қаржылай қолдау көрсетеді, үй салам дегендерге несие береді дегендей...*
*— Оны білем, бірақ ондағылар ағаш отырғызғысы келгендерге ешқандай көмек бермейді ғой...*

***

*Беделді бір кісінің келіні қыз туады. Бұған көңілі толмаған әлгі кісі перзентхана басшысына телефон шалады:*
*— Мен немерем ұл болсын деп едім ғой. Сонша ақшаны сізге не үшін бердім?*
*— Ашуланбаңыз, ауыстырып береміз...*

№4 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



# Кофеге қанттың орнына не қосуға болады?

**Кез келген диетолог кофенің өзін таза күйінде немесе оған лимон немесе зімбір қосып ішуді ұсынады. Дұрыс тамақтануды ұстанатын адамдар кофеге қант пен сүт қоспауға тырысады. Алайда оның ащы дәмі барлық адамға бірдей ұнай бермейді. Ағзаға зияны тимес үшін кофеге қанттың орнына қандай тәттілендіргіштер қосуға болатынын ұсынамыз.**

### Кокос қанты

Кокос қантын дұрыс тамақтану өнімдерін дайындауға кең қолданады. Ол —шынымен де ақ қантқа пайдалы балама. Бұл тәттілендіргішті кокос пальмаларында өсетін гүлді бүршіктердің шырынынан дайындайды. Оның құрамында күйзеліспен күресуге көмектесетін әрі энергиямен қуаттайтын B1, B2, B3, B6 дәрумендері және ағзаның метаболизмдік қызметіне көмектесетін глутамин қышқылы бар. Кокос қантының гликемиялық индексі жоғары емес, сондықтан ол қандағы глюкозаның күрт артуына әкелмейді.

### Үйеңкі шәрбаты

Кей адамдар үйеңкі шәрбатын құймақтар мен вафляға құяды. Оны сондай-ақ кофеге тәтті дәм беру үшін қосуға болады. Әрине, онда қант пен калория көп, алайда аз мөлшерде ол ағзаға пайдалы. Шәрбат мырышқа және магнийге бай. Үйеңкі шәрбатының да гликемиялық индексі төмен.

### Бал

Бал да қарапайым ақ қант секілді қандағы қант деңгейін күрт арттырып жібере алады. Сондықтан аштық сезімі артады, ал ұзақ мерзімді қолданыста артық салмақтың қосылуына және созылмалы аурулардың дамуына ықпал етеді. Бірақ бұл жағымсыз салдарлардың барлығы балды бақылаусыз қолданғаннан болады. Егер балды күніне 1-2 шай қасықтан артық жемесеңіз, ағзаға оның зияны тимейді. Табиғи бал — антиоксиданттар көзі. Олар жасушаларды бос радикалдардың зақымдануынан қорғайды, тері жағдайын жақсартады және қартаю процестерін болдырмайды. Табиғи балдың құрамындағы белсенді заттар жүрек денсаулығына жағымды әсер етеді: «жаман» холестерин деңгейін төмендетіп, жүрек бұлшықетін қатайтады. Алайда балды қыздырса, ол бұл қасиеттерін жоғалтып алады. Сондықтан балды кофеге салмай, оны қасықпен аздап жеп отырып кофе ішкен пайдалы.

*massaget.kz*

# ОРАЗАНЫҢ ОН ПАЙДАСЫ

Сайып келгенде, оразаның негізгі мәні – Алланың тыйған ісінен тыйылу. Осы ретте оразаның мұсылман баласының тәні мен жанына, рухани өміріне әсер ететін он пайдасы туралы айтуды жөн көрдік.

Біріншіден, адам баласы ауыз бекіту арқылы Аллаға бойсұнуды үйренеді. Оразаның хикметі сондай, ол мұсылманның тұлабойына тақуалықтың алтын дәнін егеді. Ауыз бекіткен жан Рамазан айында Алланың бұйрықтарын орындап, тыйымдарынан аулақ жүреді.



Мұсылман деген сөздің өзі «мойынсұнушы», «көнуші» деген мағынаны білдіреді. Рамазан айы пендені мұсылман деген атқа лайық өмір сүруге, түйіндеп айтқанда, тақуалыққа тәрбиелейді. Өйткені Алла Тағала «Бақара» сүресінің 183-аятында: «Ей, иман келтіргендер, алдарыңда өткен қауымдарға парыз етілгендей, сендерге де ораза парыз етілді. Мүмкін, тақуа боласыңдар» деп ескертеді.

Екіншіден, ораза – мұсылманға көркем мінезді үйрететін тәрбие мектебі. Оразаның көмегімен адам баласы бойындағы жағымсыз сипаттардан арылады. Рамазан мұсылманды әдепсіз әрекеттен, бос сөзден, жаман нәрсені көрмеуден, жаман нәрсені тыңдамаудан сақтайды.

Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз үмбетіне: «Хақылы бола тұрып, яғни өзінікі жөн болса да тартысуды қойған кісі үшін жаннаттың ауласынан бір сарай, ал қалжың болса да өтірік айтудан бас тартқан кісі үшін жәннаттың ортасынан бір сарай, сондай-ақ мінезі көркем болған кісі үшін жәннаттың ең биік жерінен бір сарай берілуіне Мен кепілмін» деген сүйінші хабар жеткізген. Ораза ұстаған адам өзінікі дұрыс болса да біреумен дауласуын доғарады. Сөйтіп көркем мінезге ие болады.

Үшіншіден, ораза бізді сабырлы болуға тәрбиелейді. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «Ораза – сабырдың жартысы» деген. Расында, ораза шыдамдылыққа үйретеді. Күн ыстықта ораза ұстаған адамды шөл қысады. Ал ораза бізді төзімділікке тәрбиелейді. Рамазанда көп намаз оқып, көп Құран оқыған абзал. Оған да сабыр қажет. Тіпті күнә жасамау да сабырлықты қажет етеді.

Төртіншіден, ораза адамның зейінін тазартып, жақсы ойларға жетелейді. Бір күні Лұқман баласына: «Балақайым, асқазан толы болса, ойлау қабілетің ұйқыға шомады, даналық үні өшіп, дене мүшелерің құлшылыққа жарамай қалады» деген екен. Шын мәнінде адам асқазаны толы болғанда ұйқы қысады. Ал ұйқы адамды көп нәрседен мақұрым етеді. Адам қарны тоқ кезінде қабілеті де төмендейді екен. Аш құрсақ кезде адам миының белсенділігі артып, ақпаратты қабылдау деңгейі жақсарады.

Бесінші, ораза адамның уақытын жүйелеуді үйретеді. Ауыз бекіткен пенде жүйелілік пен тәртіпті қатаң ұстанады. Сәрісін уақытында ішу, уақытында ауыз ашу, уақыты келгенде намаз оқу, т.б. амалдар жүйелілікке тәрбиелейді. Тіпті оразада әрбір сәт маңызды. Сол сәтті құлшылыққа арнаған абзал.

Алтыншы, Рамазанда мұсылмандар бір дене тәрізді екенін сезінеді. Өйткені жылына бір рет келетін Рамазан айында әлемнің әр түкпірінде тұратын мұсылмандар ауыз бекітіп, Аллаға құлшылық етіп, мүмкіндігінше бір-біріне көмектеседі, кем дегенде дұғасына қосып, Жаратқаннан бауыры үшін жарылқау тілейді. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «Мүмін бір-біріне жанашырлығымен және рақымшылығымен бір дене секілді: егер дененің бір жері ауырса, онда бүкіл дене онымен бірге ыстығы көтеріліп, ұйқыдан қалып мазасызданады» деген. Рамазан кезінде мұсылмандар бір-біріне мейірім көрсетіп, бауырмашылдық танытады.

Жетінші, ораза мұсылман баласын айналасындағы аш адамдардың күйіне енгізіп, пенденің бойында мейірімділік, жанашырлық, бауырмашылдық секілді сезімдерді оятып, пақырларға, жетімдерге және жесірлерге қарайласуға тәрбиелейді. Рамазанда берілетін пітір садақасы, ауызашар дастарханы, қайырымдылық бағытта жасалған барлық амалдар мұсылмандардың бір-біріне деген мейірбандығын, сүйіспеншілігін арттырады.

Сегізінші, ораза пенденің ағзасын артық және улы нәрселерден тазартып, жаңартып, асқазанына демалыс береді. Әбу Хұрайра (оған Алла разы болсын) ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ораза ұстаңдар – сау боласыңдар» деген хадисін жеткізген. Араб дәрігері Харис ибн Кәлда: «Асқазан – дерт үйі, ал ораза – бүкіл емнің атасы» деген екен. Демек, ораза – тәннің шипасы.

Тоғызыншы, ораза адамға өз нәпсісімен күресуді үйретеді. Қарын тойдыру құмарлығы мен жыныстық құмарлық – адам табиғатына тән жағымсыз сипаттың бірі. Ораза адамды құмарлықтың осы екі түрімен күресуге үйретеді. Бір ай бойы өз нәпсімен күресуді үйренген мұсылман одан кейінгі айларда да қалауына ерік бермеуге тырысады. Рамазан айының оразасы мұсылманды осы күресті нығайтуға итермелейді.

Шынайы ниетпен ораза ұстаған адам міндетті түрде нәпсісіне тұсау салады. Өйткені нәпсі адамды жаман нәрсеге итермелейді. Ал жаман амал Алланың ашуын шақырады. Оразаның талаптарына сабырлық таныта алған адам нәпсі қалауына да төзімділік танытып, қалауы мен құмарының әміршісіне айналады. Сөйтіп жаман нәрсеге бұйырушы нәпсіні басқару қабілетіне ие болады. Өйткені оразаның арқасында мұсылманның жамандыққа бұйырушы нәпсісі басылып, тыйылады және жуасып қалады.

Оныншы, ораза қолда бар нәрсенің қадірін сезінуді үйретеді. Кейде алдымызға келген астың, астымыздағы көлігіміздің, басымыздағы баспананың, үстіміздегі киімнің, тіпті денсаулығымыздың қадірін білмей жатамыз. Бұл нығметтерге қалыпты нәрсе ретінде қараймыз. Шын мәнінде, бұл нығметтерді беруші Алла екенін ұмытып қаламыз. Ал ораза тіпті бір жұтым судың, бір үзім нанның қадірін сездіреді.

Алла Тағала баршамызға Рамазан оразасын толық ұстауды, оның сауабын толық алуды нәсіп еткей! Әмин!

**Мұратбек қажы МҰХТАРХАНҰЛЫ**

# АСЫЛ ЖАРЫНАН АЙРЫЛҒАН ДУЛАТ ИСАБЕКОВКЕ КӨҢІЛ АЙТАМЫЗ...



Есімі елге әйгілі жазушы-драматург, қазақ әдебиетінің классигі Дулат Исабековтің үйіндегі жеңгеміз Нұрғайша Жармұқамедова қайтыс болды деген хабар қабырғамызды қайыстырып кетті. Ол кісі ешқандай ауырып жүрген жоқтын, бүгін таңертең жүрегі ұстап қалды дейді.

Жақында ғана көкемізге сәлем беруге үйге барғанда жарқылдап жүріп қарсы алып, сексенге келсе де сергектігін көрсетіп, келіндерден бетер жүгіріп, дастарханын жайып шығарып салып еді.

«Екеуміз 56 жыл отасқан едік, жайымның барлығын жасайтын еді, енді менің жағдайымды кім ойлайды?!

Ешқандай ауыра қоймаған еді, аяқ астынан тастап кете барды. Екеуміз биыл сексен жасымызды тойлаймыз деп, жоспарлап жүрген едік» – деп қамығып отырған Дулат көкемізді қалай жұбатудың өзі қиын болды...

Өткен сенбіде ғана көріп едік Дулат көкемізді Қазақстанның Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділдің жылдық асында. Қиын болды сексенге келгенде серігінен айрылу!..

Алды әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде жарияланған, қазақ әдебиетінің алтын қазынасына енген шығармаларын жазғанда жайын жасаған, жанына демеу болған асыл жары, балаларының аяулы анасы болған, алпыс жылға жуық қол ұстасып бірге жүрген өмірсерігінен айрылу ағамызға ауыр тигені анық...

Берік болыңыз, көке! Алланың үкімі ғой, қайтесіз енді. Бұл да бір ауыр сынақ, мықты болыңыз! Алла сабыр берсін! Қасиетті Рамазан айында дүниеден өтіпті, жәннаттан болсын жайы деп тілейміз.

Алды пейіш, арты кеніш болғай! Қара орман халқыңыз бар, қалың қазағыңыз бар қайғыңызды бөлісетін, Дулат көке, бекем болыңыз!.

Марқұмның отбасына, асыл жары, қазақтың көрнекті қаламгері Дулат Исабековке, ұлдары мен қыздарына, туған-туыстарына, ағайындарға көңіл айтамыз.

Иманы саламат болсын, асыл жеңгеміздің!

**Қазыбек ИСА**


**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 429,24 | 3 ай | қала | 1287,72 | 6 ай | қала | 2575,44 | 12 ай | қала | 5150,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 447,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1343,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2687,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 5374,32 |



**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**



**Бас редактор –**
**Құлтөлеу МҰҚАШ**

**Бас редактордың бірінші орынбасары –**
**Зейнолла АБАЖАН**

**Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің**
**Бас редакторы –**
**Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ**

**Жауапты хатшы -**
**Гүлмира САДЫҚ**

**БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:**

**Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)**

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**

**Нұр-Сұлтан тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

**Алматы облысы:**
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Тарату бөлімі:**

**Нұр-Сұлтанда:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»**
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)



**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**
**Гүлмира САДЫҚ**

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген